

ЕЛБАСЫ: «ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДЫ МӘҢГІЛІК ЕЛ РЕТІНДЕ САҚТАҢЫЗДАР!»

2-бет



ТОҚАЕВ ТАПСЫРМА БЕРГЕНІМЕН, АБАЙДЫ АЛАСАРТЫП, ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ТҮСІРІҢДЕР ДЕГЕН ЖОҚ

3-бет



Олжас СУЛЕЙМЕНОВ:

ПРЕДКИ КАЗАХОВ БЫЛИ НА АППЕНИНАХ РАНЬШЕ ЛАТИНОВ И ОСТАВИЛИ СВОИ ТЕРМИНЫ В ЛАТИНСКОМ

16-17-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz || qazaquni2000@gmail.com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №11-12 (829-830), 29 naýryz, 2019




БОРАННАН ШЫҚҚАН БАҺАДҮР

*Жазушы Тахауи Ахтанов туралы сыр*

10-11 бет

# ЕЛБАСЫҒА ЕЛОРДАНЫҢ АТЫН БЕРУМЕН БІРГЕ

## ПЕТРОПАВЛҒА АБЫЛАЙ ХАННЫҢ, ПАВЛОДАРҒА КЕНЕСАРЫНЫҢ, СЕМЕЙГЕ ӘЛИХАННЫҢ АТЫН БЕРУ КЕРЕК!



Елордада Демократиялық күштердің «Қазақстан-2050» жалпыұлттық коалициясының кезекті отырысы өтті. Nur Otan партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев төрағалық еткен алқалы жиын астанамыздың аты Нұр-Сұлтан болып өзгеруін қолдауға орай ұйымдастырылды. Жиынға барлық саяси партия басшылары мен қоғамдық ұйымдар жетекшілері қатысты.

3 бет




# ТӘУЕЛСІЗДІК АТАУЫН ҚАЙТАРЫҢДАР!

Ресей империясының монархиясы мен Кеңес одағы коммунистік партиясының біліктері әлдеқашан жойылғанымен, оларға қатысты атаулар Ертістің Кереку өңірінде әлі де әспеттелуде. 1861 жылы жаңа туған патшазада Павел Александрович Романовқа (1860-1917) тарту ретінде қойылған Павлодар атауы бәз-баяғы қалпында тұр! Патша ұлының есімі ардақталған біздің қалада Тәуелсіздік монументі орнатылмады, Тәуелсіздік сарайы да салынбады.

3 бет



ДОС ТУРАЛЫ ЖЫР

(Жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің туғанына – 80 жыл)

18 бет

# ОБРАЗОВАНИЕ РК ЗАГНАНО В ТУПИК: ЕСТЬ ЛИ ВЫХОД?!

Бывший министр МОН Ерлан Сагадиев ввел много необдуманных нововведений, недоработок, для преодоления которых потребуется немало времени и сил. И проблема в том, сможет ли новое руководство МОН исправить ту кризисную ситуацию с образованием, в которую «искусно» завел предыдущий руководитель ведомства?

14 бет



050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 | Жазылу индексі – 65380

# ЕЛБАСЫ: «ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДЫ МӘҢГІЛІК ЕЛ РЕТІНДЕ САҚТАҢЫЗДАР!»

**Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына жасаған мәлімдемесінде Президенттік өкілеттігін 20 наурыздан бастап тоқтататынын мәлімдеді.**



Назарбаев «сайлау кезінде сенген» халыққа алғыс айтты. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр Отан» партиясының жетекшісі және Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы болып қала беретінін білдірді.

Назарбаев уақытша президент қызметін ҚР Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев атқаратынын айтты.

«Тәуелсіз Қазақстанды Мәңгілік ел ретінде сақтаңыздар!» – деді Елбасы ең соңғы жарлығына қол қойып жатып.

Қазақстанда жаңа дәуір басталды!



**2019 жылдың 20 наурызы сағат 12–12-де Тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет «Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев»-деп жазылды. Наурыз мерекесі – Жаңа жылда Жаңа дәуір басталды!**

# ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА АНТ БЕРДІ

ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Республика Президенті өкілеттігін уақытша атқаратын Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына ант берді.

«Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Тоқаев Қазақстанның қол жеткізген жетістіктері – ең алдымен Қазақстан Республикасының киелі тәуелсіздігінің, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қажырлы еңбегінің арқасында мүмкін болғанын айтты.

«Кеше наурыздың 19 күні барша әлем жұртшылығы аса маңызды тарихи оқиғаға куә болды. Қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаушы ұлы тұлға, ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз еркімен Мемлекет басшысы өкілеттігін тапсырды. Елбасының бұл жігерлі шешімі – оның жаһандық деңгейдегі және тарихи ағымдағы саяси қайраткер ретінде ұлылығын көрсетті», – деді ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тоқаев Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевқа «Халық қаһарманы» атағын беріп, оның құрметіне монумент орнатуды, сондай-ақ, Астана қаласының атауын «Нұрсұлтан» деп өзгертуді ұсынды.

*qazaquni.kz*

# ДАРИҒА НАЗАРБАЕВА СЕНАТ СПИКЕРІ БОЛЫП САЙЛАНДЫ

**Дариға Назарбаева Сенат депутаттарының жасырын дауыс беруі арқылы Сенат спикері болып сайланды. Бұған дейін, ол Сенаттың Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы қызметін атқарған.**

Дариға Назарбаева 1963 жылы 7 мамырда туған, білімі жоғары. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін, Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген.



Мамандығы тарихшы, тарих және қоғамтану оқытушысы. Саясат ғылымдарының докторы, тарих ғылымдарының кандидаты. Мәжіліс төрағасының орынбасары, Премьер-министрдің орынбасары, Парламент Сенатының депутаты болды. «Парасат», екінші дәрежелі «Барыс», Француз Республикасының өнер және әдебиет ордендерімен, «Нұр Отан» ХДП «Белсенді қызметі үшін» медалімен, ҚР Конституциялық Кеңесінің «Конституциялық заңды нығайтуға қосқан үлесі үшін» медалімен және мерейтойлық медальдармен марапатталған.

# ТАҒАЙЫНДАУЛАР

**Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігінде бірқатар өзгерістер орын алып, жаңа тағайындаулар жарияланды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.**

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің басшысы қызметіне, Дархан Аманұлы Кәлетаев Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалды. Мемлекет басшысының Өкімімен Берік Уәлиұлы Құрманғали Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз хатшысы қызметін атқаратын болды.

Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Марат Тәжин ҚР Мемлекеттік хатшысы болып тағайындалды. Сонымен қатар Нұрлан Онжанов ҚР Президенті кеңсесінің бастығы, Мұрат Нұртілеуов Мемлекет басшысының көмекшісі қызметіне тағайындалды.



# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН КЕҢЕС ӨТТІ

**Ақордада Президент Әкімшілігі басшылығының қатысуымен жиын өтті. Оған Президент Әкімшілігінің Басшысы, оның орынбасарлары, сондай-ақ Президенттің көмекшілері қатысты.**

Жиын барысында ішкі және сыртқы саясат, әлеуметтік-экономикалық даму, сондай-ақ қауіпсіздік және құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ету мәселелері каралды. Қазақстан Президенті осы саладағы және халықтың тұрмыс-тіршілігі үшін маңызы бар басқа да салалардағы бағдарламаларды сапалы орындауға баса мән берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев барлық бағыттар бойынша туындайтын проблемаларды шұғыл әрі тиімді шешу керектігін айтты. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы тиісті жұмыстарды үйлестірудің маңыздылығына тоқталып, Президент Әкімшілігіне барлық тапсырмалардың орындалуын бақылауға алуды тапсырды.

# КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ

**Парламент Сенатының жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы екі оқылымда қаралып, қабылданды.**



«Екі заң жобасы арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту мәселелеріне арналған. Сонымен бірге, ілеспе заң жобасына әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша тиісті құқықтық нормалар енгізілген. Өздеріңіз жақсы білесіздер, жақында өткен әлеуметтік саясатты жүзеге асыру мәселелері жөніндегі кеңес барысында Елбасы көмекке аса мұқтаж көпбалалы отбасылардың әлеуметтік көмек алу мүмкіндігін биылдың 1 сәуірінен қалдырмай қамтамасыз ету қажеттігін тапсырған болатын. Түзетулер осы тапсырманы орындауға бағытталған», – деді Сенат спикері Дариға Назарбаева. Заң жобасында атаулы көмек көрсету критерийін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызына дейін арттыру, аз қамтылған отбасылардағы әрбір балаға арналған ең төмен төлемді 20 789 теңге сомасында белгілеу шаралары көзделген. Сондай-ақ құжатта мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарға арналған ай сайынғы жәрдемақыны және бала кезінен бірінші топтағы мүгедекті күтіп бағушы адамдарға ай сайынғы жәрдемақының мөлшерін 30 пайызға ұлғайту арқылы аз қамтылған азаматтар мен көпбалалы отбасыларды әлеуметтік қолдау мәселесі ескерілген. Заң жобасының аясында білікті педагогтар, дәрігерлер, полицейлер және басқа да мамандар үшін «7-20-25» бағдарламасы бойынша жеңілдікпен берілетін ипотеканың бастапқы жарналарын жергілікті бюджеттен ішінара субсидиялау тетігі енгізіледі. Енді Парламент қабылдаған Заң Мемлекет басшысының қол қоюына жолданады.

# ҮСТІНЕН АРЫЗ ТҮССЕ БИЛІКТЕГІ БАСШЫЛАР ҚЫЗМЕТІНЕН КЕТЕДІ

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі атқарушы биліктің жұмысын қадағалайтынын айтты. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі twitter-дегі парақшасында жазды, – деп хабарлады «Қазақ үні» ақпарат агенттігі.

Президенттің айтуынша, егер орталық және жергілікті органдардың басшыларына қатысты орынды шағым түскен жағдайда олардың бәрі жазаланады.

«Орталық және жергілікті органдардың басшыларына қатысты орынды шағым түскен жағдайда олардың бәрі жазаланатын болады.», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан жұртшылығымен кездесуде.

# ТОҚАЕВ ТАПСЫРМА БЕРГЕНІМЕН, АБАЙДЫ АЛАСАРТЫП, ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ТҮСІРІҢДЕР ДЕГЕН ЖОҚ




**Қазақстанның жаңа президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әр қаласындағы орталық көшелер Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен аталуы керек деп мәлімдегені сол еді, бүгін еліміздегі бүкіл қалалардағы орталық көшелер өзгеріп шыға келді.**

Мәселен, Павлодар қалалық мәслихатының депутаттары шаһардағы Тәуелсіздік даңғылын Нұрсұлтан Назарбаевтың есіміне қайта атау туралы бірауыздан келіссе, Қостанай қаласындағы Абай даңғылы енді Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы болып аталады.

Ал, Ақтөбедегі Әбілқайыр хан даңғылының бір бөлігін Нұрсұлтан Назарбаев көшесі деп атауға байланысты облыстық мәслихатта кезектен тыс сессия өтті.

Абай мен Әбілқайыр хан атындағы, тұғырлы Тәуелсіздігіміздің атындағы көшелердің Нұрсұлтан Назарбаев деп өзгеруін мен құптамаймын. Бұған Тұңғыш Президент Н.Назарбаев та, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та кінәлі емес. Бұған «шаш ал десе, бас алатын» жағымпаз әкімдер мен одан бетер депутаттар кінәлі. Мәселен, Өскемендегі орталық Тәуелсіздік көшесін өзгертпей-ақ, дәл сол орталықтағы Чехов, Протозанов, Астана, Ворошилов, Карбышев көшелерін Назарбаевтың есімімен атаса болмай ма? Солай болса, қайта бір көшеміздің атауы қазақшаланып қалды деп қуанар едік.

Тоқаев тапсырма бергенімен, Абайды аласартып, Тәуелсіздікті түсіріңдер деген жоқ.

**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**
*qazaquni.kz*

## АБАЙ МЕН ӘБІЛҚАЙЫР ХАН АТЫНДАҒЫ КӨШЕЛЕР ӨЗГЕРМЕЙТІН БОЛДЫ

**Ұлыстың ұлы күнінде жаңа президенттің бастамасын білгенінше орындаған шенеуніктер туралы «Тоқаев тапсырма бергенімен, Абайды аласартып, Тәуелсіздікті түсіріңдер деген жоқ» атты мақала жазып, азаматтық пікірімді білдіріп едім. Министрлік тарапынан жауап келді.**

Абай мен Әбілқайырды алып тастауға асыққан шенділер сөгіс алмаса да, сөз естіген болу керек. Қысқасы, ұлы тұлғаларымыздың атындағы көше атаулары өзгермейтін болды деп сендірді.

Әлеуметтік желідегі белгілі қоғам қайраткерлері мен көзі ашық азаматтардың көптеген өткір жазбаларынан естерін жиған секілді.

2019 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастикалық комиссияның отырысы болып өтті, онда бірқатар жергілікті мәслихаттардың облыстық қалалардың орталық көшелерін қайта атау туралы шешімдері қаралды.

Атап айтқанда, Комиссия бірқатар облыс орталықтарының көшелерін ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың құрметіне қайта атау туралы шешімдері қолдау тапты.

Сонымен бірге, Республикалық ономастикалық комиссия Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Жамбыл облыстарының әкімшілік орталықтарындағы қайта атау үшін ұсынылған көшелерді өзге объектілер мен көшелерді анықтай отырып, қайта қарауды ұсынды.

Біздің айтарымыз бір: ЕЛБАСЫН ҰЛЫҚТАЙМЫЗ ДЕП АБАЙДЫ АЛАСАРТЫП, ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ТҮСІРМЕЙІК!!

**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**
*qazaquni.kz*

# ТӘУЕЛСІЗДІК АТАУЫН ҚАЙТАРЫҢДАР!

**Белгілі ақын, Павлодар қаласының тұрғыны Арман Қани әлеуметтік желіде Тәуелсіздік көшелерінің өзгеруіне қатысты пікірін білдірді. Еске сала кетейік, бұған дейін «Қазақ үні» порталы бас редакторы Азамат Тасқараулы: «Тоқаев тапсырма бергенімен, Абайды аласартып, Тәуелсіздікті түсіріңдер деген жоқ» атты мақаласында дабыл көтеріп, белгілі ақын, «Ақ жол» партиясы төрағасы орынбасары Қазыбек Иса «Қазақстан-2050» демократиялық күштер коалициясында сөз сөйлеп, Тәуелсіздік көшесін ауыстырушыларды қатты сынап, Павлодар, Петропавл, Семей қалаларының атауларын қазақшалап, Абылай, Кенесары, Әлихан, секілді тарихи тұлғалардың есімін беру туралы бастама көтерген еді. Сонымен қатар, порталымызда «Өскемендегі Тәуелсіздік даңғылын ауыстыруға 1 сағат жеткілікті болды» атты мақала да шыққан еді. Бұл мәселе бойынша қоғамда наразылық артуда. Арман Қанидың мақаласын еш өзгеріссіз оқырман қауымға ұсынамыз.**



Ресей империясының монархиясы мен Кеңес одағы коммунистік партиясының биліктері әлдеқашан жойылғанымен, оларға қатысты атаулар Ертістің Кереку өңірінде әлі де әспеттелуде. 1861 жылы жаңа туған патшазада Павел Александрович Романовқа (1860-1917) тарту ретінде қойылған Павлодар атауы бәз-баяғы қалпында тұр! Патша ұлының есімі ардақталған біздің қалада Тәуелсіздік монументі орнатылмады, Тәуелсіздік сарайы да салынбады. Әйтеуір, Тәуелсіздік жарияланған жылдан кейін ширек ғасырдан астам уақыт өткен соң ғана Кутузов көшесін «Тәуелсіздік даңғылы» деп қайта атауға қол жеткізіп, ұлттық рухымыз бір көтеріліп қалған еді!

Алайда, жуырда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мырза Елбасының есім-сойын ұлықтау жөніндегі ұсынысын жария етісімен жергілікті билік сол даңғылдың «Тәуелсіздік» атауын «Nursultan Nazarbaev» қылып өзгертті де, бұл шешімін қоғамдық тыңдауға шығармастан жедел жүзеге асыра салды! Осылайша, Қазақстанды Тәуелсіз Мәңгілік елге айналдыруды көздеген Елбасының мұрат-мүддесіне орай қойылған атау бір жылға жеткізілмей бір-ақ күнде жойылып жіберілді! Егер Тұңғыш Президенттің «Тәуелсіздік толғауы» атты ой орамдарында «Тәуелсіздік – сан буын бабалардың қасиетті жеріміздің әрбір қадамын қорғау үшін төгілген өлшеусіз қаны мен терінің өтеуі» деген сөздерін әкімдер мен мәслихаттардың депутаттары қаперге алса, ономастика саясатында саяси, идеологиялық қателікке бой алдырар ма еді?..

Қазақ халқының Тәуелсіздікке жету үшін 3 ғасыр бойы күрес жүргізгені тарихи шындық! Сол қасиетті күрес жолында Малайсары, Жасыбай сынды батырлар шайқас алаңдарында шаһит болды, Сарыарқа жерінен Алатау бөктеріне күшпен ығыстырылған Кенесары ханның басы шабылып, Петерборға әкетілді, Мағжан сияқты Алаш асылзадаларының сүйектері Ресейдің Қиыр-Шығысында саудырап қалды, тіпті өрімдей студент Рысқұлбековтың соңғы демі кезінде Алашорда үкіметінің астанасы саналған Семей шәрінің абақтысындағы дар тұзағында үзілді!!! Ал көк түрік ұрпағын көк бөрі еркіндігіне үндеп, азуын айға білеген көкжал жүректі жігіттердің қаншасы түрмелер мен жындыханалардың темір торларын қарш-қарш шайнап, ақыры қан құсып тыншу тапты?! Тірілердің де, өлілердің де санатына енбеген белгісіз қаһармандардың есімдерін анықтап, ерліктерін жұртшылыққа жария ету келешек ұрпақтың еншісіндегі іс.

Солай десек те, Тәуелсіздік атауының жойылуына бей-жай қарап, немқұрайдылық танытқан сіздер мен біздер, яғни аға ұрпақ өкілдері жас буынды мемлекетшілдік, отансүйгіштік сезімдеріне қалай тәрбиелей аламыз?.. Мемлекет пен халықтың ең ұлы, ең киелі құндылығы Тәуелсіздік екенін, одан ешкімнің де, ештеңенің де артық болуы мүмкін емес екенін жас ұрпақтың санасына сіңіруге аға буынның бұдан арғы уақытта моральдық құқы бар ма?..

Сонау 2017 жылы Алматыда Фурманов көшесін «Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы» деп қайта атағанында ол кісі: «Менің атыма үлкен даңғылдардың бірін неге бермедіңдер?!» – деп кейістік білдірген жоқ қой. Керісінше риясыз көңілін көрсетіп, кеңдігін танытты. Бұл жайтты біздің ақ жағалы ұлықтарымыз неге ескермеді?..

Павлодарда «Nursultan Nazarbaev» деп атауға лайықты орталық көшелер бар емес пе: Астана, Лермонтов, Ломов... Міне, осылардың біріне Елбасының есім-сойы берілсін де, Тәуелсіздік атауы қайтарылсын!

Үкімет пен республикалық ономастикалық комиссия өтінішімізді аяқасты етпес деген үміттемін.

PS: **Тәуелсіздік атауының қадыр-қасиетін жете түсінбеген жергілікті билік отаршыл патша заманының символы сияқты болып тұрған Павлодар атауының мән-мағынасына енді назар аударып, өзгертеді дегенге өз басым иланбаймын.**

**Арман ҚАНИ,**
*Павлодар қаласы*

# КАК ПОВЫСИТЬ ДОХОДНОСТЬ НАЦФОНДА? – НАПРАВИТЬ СРЕДСТВА В ЭКОНОМИКУ



**Выступление А.Перуашева в ходе обсуждения уточнений в республиканский бюджет (пленарное заседание Мажилиса, 20 марта 2019 г.)**

Уважаемые коллеги!

Фракция ДПК «Ак жол» поддерживает предложенные корректировки бюджета, направленные, в первую очередь, на финансовое обеспечение социальных инициатив Нурсултана Абишевича Назарбаева.

Необходимо отметить, что основную часть дополнительных доходов планируется обеспечить за счет увеличения налоговых поступлений в размере 198 млрд тенге через усиление таможенного администрирования.

Конечно, нужно приветствовать такое укрепление собираемости налогов, но вызывает вопрос, почему для наведения порядка в данном секторе потребовалось личное поручение Елбасы, и почему эти источники пополнения бюджета ранее оставались не задействованными.

В увеличении расходов республиканского бюджета на 2019 г. на 1,17 млрд тенге наибольшая доля – почти 43,3 % приходится на социальную сферу. Сумма дополнительно выделенных средств из бюджета на реализацию социальных поручений, озвученных Первым Президентом, составляет 820,5 млрд тенге.

В их числе – вопросы увеличения детских пособий, улучшения положения многодетных семей, обеспечения жильем, повышение пособий по инвалидности на 30%, адресная социальная помощь, повышение заработной платы низкооплачиваемых работников бюджетной сферы.

Заложенное в нынешней корректировке обеспечение социальных затрат государства характеризуют бюджетную политику Правительства как социально-ориентированную, что крайне актуально в нынешний непростой период и окажет позитивное влияние на положение незащищённых слоёв общества.

Фракция «Ак жол» поддерживает эти подходы и отмечает их безусловную необходимость.

В то же время вынуждены отметить, что для реализации столь нужных социальных программ госорганы вынуждены в очередной раз увеличивать размер гарантированного трансферта из Национального фонда.

Несмотря на выполнение условия по неснижаемому остатку средств в Национальном фонде до 30% от прогнозного значения ВВП, считаем необходимым отметить, что такие расходы должны покрываться за счет инвестиционных доходов Национального фонда, не затрагивая его накопительной части. Такова практика зарубежных стран, имеющих аналогичные фонды.

Однако, в представленном прогнозе параметров Национального фонда на 2019 г., мы наблюдаем снижение инвестиционных доходов от управления фондом. Простой расчёт запланированной доходности в 640 млрд тенге от 21 трлн 500 млрд накоплений показывает доходность на уровне 3%, причём это расчёты в тенге, как они представлены в проекте бюджета.

Мы понимаем, что основной задачей является сохранение средств Нацфонда для будущих поколений. Но поверьте, многие успешные казахстанские предприятия были бы рады получить инвестиции под такие проценты и даже в 2-3 раза дороже. Потому что банковские кредиты просто несопоставимы с такими условиями.

Заложенные параметры вызывают вопросы об эффективном управлении средствами фонда и надеемся, что новое руководство Национального банка изучит пути повышения доходности Нацфонда, и в том числе – возможность инвестирования части средств в успешные предприятия, доказавшие свою эффективность в национальной экономике Казахстана.

Второй момент. Все мы понимаем, что масштабность сегодняшних социальных затрат требует использование Национального фонда, но в таком случае следовало предусмотреть сокращение других статей расходов, что позволило бы экономнее перекрывать возникшую потребность. Однако расходная часть бюджета в разрезе министерств не предусматривает снижения бюджетных расходов.

Ещё более важным полагаем обеспечение затрат бюджета за счёт роста экономики, увеличения её производительности, повышения доходов бизнеса и расширения налогооблагаемой базы.

На существующие резервы в данном направлении неоднократно указывал Нурсултан Абишевич, говоря о необходимости обеспечить роль малого и среднего бизнеса в регионах, развитии современных обрабатывающих производств, поддержке частного предпринимательства и использовании конкурентных преимуществ национальной экономики.

Надеемся, что новый состав Правительства примет эти задачи на вооружение.

В этой связи весьма важным является выделение дополнительных средств на поддержку реального сектора экономики общим объемом 312.4 млрд тенге, что несомненно поддерживается фракцией ДПК «Ак жол».

Следует отметить выделение в рамках проведения «Года молодежи» целевых средств на поддержку молодежного предпринимательства – 10,7 млрд тенге.

Молодежный бизнес должен рассматриваться в качестве существенного сегмента малого предпринимательства. Ведь именно он будет определять облик нашей страны уже через 10 лет, от него будут зависеть темпы экономического роста и развития нашей страны завтра.

Таким образом, молодежное предпринимательство должно стать специальным направлением развития малого и среднего бизнеса.

Особые ожидания фракция «Ак жол» связывает с созданием фонда прямых инвестиций на базе МФЦА.

Это один из наиболее современных способов финансирования перспективных инвестиционных проектов и привлечения средств в реальный сектор экономики. Помимо того, что ФПИ (фонды прямых инвестиций) призваны обеспечивать максимальную доходность для инвесторов, действие их финансового механизма связано еще, как минимум, с двумя важными факторами: предпринимательскими компаниями и государством.

Реализация Фонда прямых инвестиций на платформе МФЦА даст предпринимателям возможность привлечь фондирование на прозрачных рыночных условиях, помимо дорогостоящего банковского кредитования.

Для государства здесь имеет значение вовлечение и расширение частных инвестиций, их направленность на развитие высоких технологий и коммерциализацию инноваций, рост научно-технического потенциала страны.

В целом, учитывая социальную направленность рассматриваемого бюджета, фракция ДПК «Ак жол» считает возможным поддержать рассматриваемый проект бюджета на 2019-2021 гг.

*Пресс-служба «Ак жола»*

# ФОРУМ «ОТКРЫТЫЙ ДИАЛОГ – БИЗНЕС И СУД»

**Председатель Верховного Суда Жакип Асанов и Председатель Президиума НПП «Атамекен» Тимур Кулибаев провели форум «Открытый диалог – бизнес и суд». В его работе приняли участие судьи Верховного Суда, представители НПП «Атамекен», Генеральной прокуратуры, Мажилиса Парламента, партии «Ақ жол», министерств юстиции, финансов и сельского хозяйства, Департамента по обеспечению деятельности судов.**




В начале встречи его участники просмотрели видеоролик об итогах исполнения Плана совместных мероприятий за 2018 г.

Ж.Асанов предложил проводить такие встречи чаще, выявлять конкретные проблемы и оперативно их разрешать, в том числе в части разработки соответствующих нормативных постановлений и формирования судебной практики.

Т.Кулибаев обозначил ряд актуальных тем, правоприменение по которым требует выработки поправок в нормативно-правовые акты.

Стороны выразили солидарность в участии в работе предстоящего съезда предпринимателей «Атамекен», совместных действиях, направленных на защиту бизнеса в рамках правового поля, «руководствуясь здравым смыслом». Отмечено также о необходимости всемерного развития альтернативных способов разрешения споров и повышения ответственности должностных лиц за причиненный ущерб бизнесу.

Обращая внимание на дела о признании недействительными актов местных исполнительных органов и договоров о предоставлении земельного участка с нарушением законодательства, заместитель председателя правления «Атамекен» Рустем Журсунов сообщил о 2,5 тысячах нарушениях в предоставлении земельных участков без проведения торгов, допущенных акиматами за 4 года. Речь шла, например, когда земельный участок полностью или частично уже был освоен, землепользователями затрачены материальные средства и др.

По мнению судьи Верховного Суда Валерия Ноздрина, эти случаи стали следствием ненадлежащего юридического сопровождения и контроля со стороны акимата и уполномоченных госорганов в области охраны земель и надзора. Спикер обозначил необходимость принятия мер по своевременному контролю за соблюдением законности при предоставлении земельных участков, обеспечению прозрачности такой процедуры.

На форуме о порядке предоставления земельных участков в собственность, восстановлении нарушенных прав землепользователей, причинении им вреда в результате издания госорганами актов выступили заместитель Генерального прокурора Андрей Лукин и вице-министр финансов Канат Баедилов.

Говоря о признании сделок недействительными, Рустем Журсунов и судья Верховного Суда Нуржан Кайыпжан подняли вопрос об определении срока исковой давности при предъявлении исков, от правильного исчисления которого зависит, в чью пользу будет разрешен спор. При этом Н.Кайыпжан подчеркнул, что для налогообложения важно не формальное соответствие договора требованиям закона, а фактическое исполнение финансово-хозяйственных операций.

Спикеры обратили внимание на соблюдение требований нормативного постановления Верховного Суда «О судебной практике применения налогового законодательства» и необходимости внесения дополнения в Налоговый кодекс нормы, предусматривающей исчерпывающие конкретные основания признания сделок недействительными. В этой части их также поддержали депутат Мажилиса Парламента Азат Перуашев и председатель коллегии по гражданским делам Верховного Суда Елис Абдыкадыров.

По итогам обсуждения вопросов повестки дня были созданы рабочие группы, нацеленные на разрешение в определенные сроки поставленных конкретных задач по защите деятельности субъектов бизнеса в рамках правового поля.

По завершению работы форума и.о. Руководителя Департамента по обеспечению деятельности судов Кайрат Елибаев и председатель Правления НПП «Атамекен» Аблай Мырзахметов подписали План совместных мероприятий на 2019 г.

*«Sud.Gov.Kz»*

# КӨРЕГЕНДІКТІҢ ТАҢҒАЖАЙЫП КӨРКЕМ КӨРІНІСІ

*О, Жасаған Ием-ай!*
*Бүгін біреуге бір жақсылық жасай алмадым.*
*Бір күнгі өмірім босқа өлді*

*Рим императоры әулие Тит Флавий*

Сымбаты бөлек сырын, құпиясы көп қырын екінің бірі ұға бермейтін ұлылық – тіреусіз Аспан жасаған, көк күмбездей төңкерілген зеңгір көкке Ай мен Күн орнатып, оны алтын шеге – сансыз жұлдыздармен бекіткен, қасиетті қаражерді – Жер-Ананы жаратқан құдіреті күшті, мейірім, шапағаты мол аса қайырымды Алла Тағала Қазақстанға нұрын төгіп, қазақты маңдайынан сүйіп тұр! Соның жарқын көрінісі – Қазақстанда биліктің бейбіт жолмен ауысуы! Ең жоғары биліктегі өзгеріс күрмеуі қатты өте күрделі іс, кей жағдайларда елді екіге жарып, драмалық, тіпті трагедиялық халге жететін кездері болғанына кәрі тарих куә.

Ел тізгінінің Нұрсұлтан сынды данадан Тоқаев сынды кемел ойлы кемеңгердің қолына тигені – баға жетпес бақыт!

Ұлт бағына туған ұлы тұлға, Қазақстанның тұңғыш Президенті, Елбасы Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Президенттік өкілеттілігін өз еркімен тоқтатуы – көрегендіктің әлем таңқалған көркем көрінісі. Мұндай тарихи ерлік елін сүйген, ерік-жігері күшті, кемел ойлы кемеңгердің ғана қолынан келетін ерлік! Нұрсұлтан сондай кемеңгер, Нұрсұлтан сондай ер!

Өзің ойлаған құлқынның құлы, халқын ойлаған ұлы. Нұрсұлтанның ұлылығы ол жүріп өткен жолдан – айқын аңғарылып, анық көрініп тұр. Теміртаудың от-жалынында шыныққан, халқының арман, мүддесін шын ұққан ол кеңес үкіметінің қирап қалған қирандысында әлем таныған, мойындаған жаңа мемлекет орнатты. Саяси жүйесі қалыптасқан, экономикасы тұрақты дамып келе жатқан мемлекетті басқару да оңай емес. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздікке қол жеткізген жас мемлекетті жетілдіру – қиынның қиыны. Тақыр жерге тау тұрғызғандай, инемен құдық қазғандай ересен ерлік жұмыс жасады Нұрсұлтан! Халық жәрдемақы, зейнетақы, еңбекақы ала алмай, ел еңсесі түскен кезде, Қарағандыда шахтерлер көшеге шыққан шақта Нұрсұлтан кейбір президенттер құсап жылы кабинетте бүгіліп, үгіліп отырған жоқ. Қарағандыға – шахтерлерге барды. Барғанда ащы да болса да шындықты ашып айтты. Тәтті өтіріктен ащы шындық артық деп оңай уәде берген жоқ. Бірлік болса, тірлік болатынын, қиындықты бірлесіп жеңу керектігін қадап айтты.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтарға қарамастан «Болашақ», «Мәдени мұра» бағдарламаларын жасап, жүзеге асырды.

Нұрсұлтанның ел білетін, дүниежүзі мойындаған көрегендігі мен ерлікке тең ерен еңбегін тізбелеп, уақыт алмай-ақ қоялық. Бір нәрсе айдан анық, Шыңғыс Айтматовтың: «Нұрсұлтан – халықтың бағы» деген бағасымен түйіндейік сөзімізді.

Өз тарапымнан айтарым: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жайлы сөз болғанда менің ойыма Бұхар жыраудың: «Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай» деп Абылай ханға айтқаны және Мари Франсуа Вольтердің: «Мемлекетті құтқару үшін бір ғана ұлы адам жеткілікті» деген сөзі оралады. Осы сөздер Нұрсұлтанға арнап айтылғандай!

«Ел тізгінінің Нұрсұлтан сынды данадан Тоқаев сынды кемел ойлы кемеңгердің қолына тигені – баға жетпес бақыт!» – деген сөзді текке айтып отырған жоқпыз. Оның терең мәнін таратып айтсақ – Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев – уақыттан озып тұрған ақылы, саясаттың ақыны, адамзаттың жақыны! Ол әлемдік деңгейдегі аса көрнекті саясаткер, аса көрнекті мемлекет қайраткері.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жайлы сөз болғанда менің ойыма Эпикеттің: «Күллі ғажайыптардың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам» деген сөзі оралады. Осы сөз Тоқаевтың бүкіл болмысын, бекзат бейнесін айқын ашып тұр.

Қазақстанда биліктің бейбіт жолмен ауысуы – көрегендіктің әлем таңқалған таңғажайып көркем көрінісі!

Бұл – бүкіләлем үйренер ең озық үлгі.

**Сәбит ДОСАНОВ,**
**жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты**

*Алматы*
*22.03.2019*



Бақытбек СМАҒҰЛ:

# БЕЙНЕТ ШЕГІП, ӨЗІ ТҰРҒЫЗҒАН ҚАЛАНЫҢ АТАУЫН ЕЛБАСЫҒА ҚИМАУ – ҚИЯНАТ

**Қазіргі астанамыз тұрған, Ақорда қонған жер үшін қазақ тарихында кем дегенде үш рет ірі күрес жүріпті.**
**Оның біріншісінде, 17-ші ғасырдың соңынан 18-ші ғасырдың басына дейінгі заманда жоңғар шапқыншылары Сарыарқаны да ен жайлап, Есіл жағалауына өз қоныстарын орналастырады. Ол жайында қытай жылнамаларында, император Канси тұсындағы Цин әулетінің «Жоңғар хандығы» туралы құжаттарында дерек бар. Бірақ ұлық хандарымыз бен рухты батырларымыздың бас біріктіруі арқасында жоңғарлар ұлтымыздың бұл киелі мекенінде ұзақ тұрақтап тұра алмады. Кейін хан Абылайдың арқасында қазақ қолы жоңғар басқыншыларын өз жерімізден түре қуып, Сарыарқаны қайтарып алды.**

Екінші ұлы күреске тоқталсақ, Ресей империясы Қазақ елін өзінің әкімшілік-саяси басқару жүйесіне түпкілікті кіріктіру мақсатында 19-шы ғасырдың 20-жылдары жарғылар қабылдап, жерімізді әкімшілік бөлудің жаңа үлгісін енгізді. Осы мақсатта қазақ елінің орталығы болғандықтан, өте ұтымды стратегиялық орын саналатын Қараөткел аймағындағы Есіл өзенінің оң жағалауына «Ақмола бекінісін» салады. Ал 1838 жылы мамыр мен тамыз айлары аралығында Кенесары бастаған қазақ азаттығы үшін күресушілер патшалық әскерді талқандап, Ақмола бекінісіне қарсы киянкескі шабуыл жүргізді. Осылайша, отаршылардың меселін толық қайтармағанымен, оларды аяғын аңдап басуға мәжбүр етті. Сонда жауымен арпалысып, шейіт болған 250 батырымыз қаламыздың ескі орталығындағы Кравцов көшесі бойындағы «Қараөткел» мұсылман зиратында жерленген.

Үшінші ірі күрес кеңес кезінде орын алды. Кеңес өкіметі 1979 жылдың мамырында құрамына Целиноград кіретін, тұтас бір мемлекет жеріне бара-бар 46 мың шаршы шақырымдық алып аумаққа созылып жататын «Неміс автономиясын» құру туралы шешім қабылдады. Алайда, бұған қазақтар да және оларға ерген жергілікті немістер де қуатты түрде қарсылық білдіріп, тоталитарлық режимнің бетін қайтарды.

1961 жылы Целиноград, Целинный край атанып, қазақы тамыры солып, қазақ елімен байланысын түпкілікті үзе жаздаған осы жерде Елбасымыздың арқасында жаңа астанамыз бой көтергені мәлім. Содан бері Сарыарқа жерінде бұрын құйтымдай да санылау таба алмай, сансыраған ұлттық діл, рухани қайнар енді кең арна тауып, саулап құйылды. Содан бері елордадан ұлттық жаңғырудың мейірімді шуағы бүкіл елге молынан төгілуде.

Қадірлі ағайын! XXI ғасырда Сарыарқа үшін, бас қаламыз орныққан осынау қасиетті жер үшін жаңа шайқас, ұлы күрес болмайды. Қазір халқымыз Қазақстанның жүрегіне айналған бұл мекеннен айырылып қаламын деп қорықпайды.

Неге?

Өйткені, Елбасымыздың сабырлы саясатының нәтижесінде, Қазақстан Кеңес одағынан кейінгі кеңістіктегі барлық елдер арасында Ресеймен де, Қытаймен де, өзге көршілерімен де ортақ бәтуаға келіп, шекарасын шегендеп, түпкілікті заңдастырып алған жалғыз мемлекет болып табылады.

Ата-бабамыз қанын төгіп, жанын беріп, тойтармаған сыртқы жау жоқ. Ендеше біз, қазақстандықтар, ең алдымен, қазақтар, дәл қазір екіге жарылып, бір-бірімізді қарсылас көріп, жақ-жақ болып тайталаспауымыз керек.

Қала атауын өзгерту үшін ғана қазақтар өзара қырғи қабақ болып, қарсыласса, мұны ертең болашақ ұрпақ түсінбейді. Текке доңға күлкі, дұшпанға таба болмайық!

Астанамызға Нұр-Сұлтан аты лайық! (Нұр деп барып, секундтық үзілістен кейін Сұлтан деп оқу, Нұрсұлтан деп қатар, жылдам оқымау)

Елбасының ерен еңбегі болмаса, осынау заманауи жаңа мегаполис те болмас еді. Оның орнында жатаған үйлері жерге сіңіп бара жатқан кеңестік қалашық қана жататын. Демек, әлемді шарлап, әр елден демеушілер мен инвесторлар тартып, құрылысын күндізтүні қадағалап, бейнет шегіп, өзі тұрғызған қаланың атауын Елбасыға қимау – қиянат.

Байырғы шешендік сөздің қалыбына салсақ,

Бір ел бар,

Ол елдің кең сарайдай заңғар үйлері болады,

Сөзге тоқтайтын байсалды ері болады.

Енді бір ел бар,

Шошырайған үйі болады.

Шолтаңдаған ері болады.

Байсалды елдің ақылы қазынаға апарады.

Ақылы кем ел ұрпағын азынатады.

Біз соның қайсысына жатамыз?

Біз қазір тұтас елдің тағдырын шешіп отырған жоқпыз, ел тағдыры Тұңғыш Президентіміздің көшбасшылығымен Қазақстан Тәуелсіздік алғанда-ақ шешілген.

Біз бүгін халық болып ердің құнын қаншалықты бағалай білетінімізді анықтағалы отырмыз.

Астанамызға Нұр-Сұлтан атын беру арқылы біз Киелі тарихтың өзі сыйлаған Ұлт көшбасшысын, Ұлы даламыздың ерен туған өренін сыйлай білетін, ардақты атын аялай білетін қайырымды халық, ұлағатты ұлт екенімізді бүкіл әлемге паш етеміз.

Болашақ ұрпақты да Елбасы үлгісінде тарихи тұлға, жаһан мойындайтын лидер болуға баулимыз. Ондай ірі тұлға болса, халқы ол ұлаһының ұлық есімін еш әбес сөзге бармай, қадір тұтатынын, мәңгілік есте қалдыратынын паш етеміз.

Астананың Астана аталуы да кезінде құлаққа оғаш естілгенін білеміз. «Нұр-Сұлтан» атауы қазір тосын көрінгенімен, сынала, сырлана келе, әлденеше ұрпақтың сана сезімін аралап, ақыры көптің көкейіне қонақтары сөзсіз.

Сонымен бірге, қазақ тілінде астана сөзі қалатынын да ұмытпаған жөн, олай болса, «жанжүрегім астана», «қазақ елінің астанасы», «астаналықтар» сөздері синоним ретінде ары қарай да қолданыста жүре береді. Астана сөзінің орыс тілінде жойылатынына қамыққандарға: «Мемлекеттік тілді үйреніңіздер! Сонда астана сөзін ауызекі тілде ары қарай да пайдалана бересіздер!» деген жөн.

Құрметті қатысушылар!

Өз сөзімде мен елді алаңдатқан бір мәселеге назар аудартa кеткім келеді.

Кейбір өңірлердің асығыстыққа салынып, тарих төрінен орын алған хандарымыз, төбе билеріміз, ұлы ақынымыз атымен аталған, тіпті тәу етер киелеріміздің бірі – Тәуелсіздік ұғымы ұлықталған облыстар орталықтарындағы басты көшелер мен даңғылдардың атауын асығыс өзгертуі жергілікті жұртшылықтың наразылығын туғызады. Бұл абырой әперетін іс емес.

Жарастырылымызды жарамсақтықпен бұзбайық!

Менің ұсынысым: бұрыннан ел ұлықтаған аттары бар ескі көшелерге жаудай тие бермей, әр облыс орталығында заманауи стильдегі орталық көше не даңғылды жаңадан жобалап және тұрғызып, соған Елбасының атын берген жөн. Әр облыс орталығындағы жасыл технологияларға құрылған, қазіргі әлемдегі қала салудың ең озық тәжірибелері ендірілген дәл осы жаңа даңғылдар өзге көне көшелерге жаңғырудың үлгісін көрсетіп, оларды жаңа деңгейлерге жетелейтін болады.

Сөз түйінінде айтарым, бұған дейін Астана атауымен өркен жайған бұл қала енді «Нұр-Сұлтан» атауымен жаңа дәуірге сай жаңаша мазмұн, жарасымды түр тауып, жаңғырады деген сенімдемін. Әрі бұл қала алда жаһандық деңгейдегі ұлы тұлғамыз – Елбасы атына лайық әлемдік мегаполиске айналады деген үміт бар.

**Бақытбек СМАҒҰЛ,**
**Мәжіліс депутаты,**
**«Qazaqstan ardagerleri»**
**қауымдастығының төрағасы**

# ЕЛБАСЫҒА ЕЛОРДАНЫҢ АТЫН БЕРУМЕН БІРГЕ ПЕТРОПАВЛҒА АБЫЛАЙ ХАННЫҢ, ПАВЛОДАРҒА КЕНЕСАРЫНЫҢ, СЕМЕЙГЕ ӘЛИХАННЫҢ АТЫН БЕРУ КЕРЕК

## «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ ТӨРАҒАСЫ ОРЫНБАСАРЫ ҚАЗЫБЕК ИСАНЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ КҮШТЕРДІҢ «ҚАЗАҚСТАН -2050» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯСЫ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

**Елордада Демократиялық күштердің «Қазақстан-2050» жалпыұлттық коалициясының кезекті отырысы өтті. Nur Otan партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев төрағалық еткен алқалы жиын астанамыздың аты Нұр-Сұлтан болып өзгеруін қолдауға орай ұйымдастырылды. Жиынға барлық саяси партия басшылары мен қоғамдық ұйымдар жетекшілері қатысты.**




Армысыздар, ағайындар!

Бәріңізді алдымен Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтаймын!

**Біріншіден, Биылғы Наурыз – Жаңа жыл еліміз үшін ерекше зор тарихи жаңалықпен басталды!**

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Президенттік өкілеттігін кенеттен тоқтатты!..

2019 жылғы 19 наурыздың 19-00 сағаты қазақстандықтардың мәңгі есінде қалатын болды! Тәуелсіз Елімізді 28 жыл басқарған Нұрсұлтан Назарбаевтың Президент ретіндегі соңғы сөзін 28 минут бойы бүкіл еліміз тырс етпей тыңдады.

**Тәуелсіз Қазақстанымызды, ортақ Отанымызды, Мәңгілік елімізді сақтай біліңіздер! Бұл – біздің халқымыз, біздің ұлы бабаларымыздың жері!»** – деді Елбасы Президент ретіндегі ең соңғы Жарлығына қол қойып жатып...

Кеше ғана Президентті сынап жүрген талай жүректі адамның жүрегі сыздап, қимастық сезім орнады... Толғанып сөйлеген Тұңғыш Президентті толқып тыңдадық.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр Отан» партиясының жетекшісі және Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы болып қала береді.

Назарбаев Қазақстан Президенті міндетін Конституцияға сәйкес ҚР Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев атқаратынын мәлімдеді.

Қазақстанда Жаңа дәуір осылай басталды!

2019 жылғы 20 наурыздан бастап, Қазақстан 30 жылдан бері Президент Назарбаевсыз оянатын болды....

Иә, президенттік өкілеттігінің бітуіне әлі екі жылдай уақыт болса да, тіпті, Конституциямыз бойынша өмір бойы шектеусіз президент болуға хақысы бар болса да, елінің болашағы үшін осындай орасан ерік күшін талап ететін Ерлікке баруы -Нұрсұлтан Назарбаевтың ел алдындағы қалыптасқан Нар тұлғасын одан сайын асқақтатып жіберді.

Шығыс елдерін қайдам, бүкіл мұсылман, түркі мемлекеттерінің патшалық кезеңдерінен бастасақ та, ел басшыларының бүкіл тарихына қарасақ, мұндай Ел болашағы үшін өз еркімен алтын тақты тастап шығып, Ерлік жасап отырған Тұңғыш мемлекет басшысы – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев болса керек! Ал биліктің президенттен сенат төрағасына өту процесі әлемде тұңғыш рет болып отыр.

Елбасымыз соңғы жылдары Ұлытау ұлағатын ұқтырып, Рухани жаңғыруды бастап, Ұлттың жеті қырын жариялап, ел рухын көтеріп жіберді. Таяуда ғана «Нұр Отан» партиясының кезекті съезінде Әлеуметтік бетбұрыс кезеңін бастауы да халқының жағдайына алаңдап, Нар жолында жүк қалдырмай кетуінің жарқын көрінісі.

Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан тізгінін Кеңес Одағы құрамындағы кезінде, 1989 жылы ұстағанын ескерсек, елімізді отыз жыл бойы басқарып, Алтын Орданың мұрагер елін Ақ ордаға айналдырып, Астанасын асқақтатқанын әлем жоғары бағалап келеді.

**Түнде ұйықтамадым,**
**Күндіз отырмадым,**
**Қара терімді төктім**
**Қызыл қанымды жүгірттім**
**Түркі халқы үшін!** – деп, Күлтегін жырында айтылғандай, Нұрсұлтан Назарбаев та көне Көк түріктен көктеген Көк тулы







Қазақ Елінің қазығын қағып, шаңырағын тіктеп, керегесін кеңейтіп, әлемге әйгілеп кетті...

Қазақстанның Тәуелсіз мемлекет ретіндегі отыз жылдай кезеңі Назарбаев дәуірі болып қалады.

Әлемдік саясатқа «Қазақстан моделі» болып енген Қазақстанның ынтымақ пен бірлікте құрылған, Тыныштық жолы алда да тынысын ашып, өрісін кеңейте береді деп сенеміз!

Нұрсұлтан Назарбаев тұрғызған Тәуелсіздік Бәйтерегі тамырын тереңге тартып, жапырағы жайқалып, биіктей береді деп білеміз!

**Екіншіден, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жаңа Астанамызды салу идеясының авторы және бас сәулеткері ретінде елордамызды өзі салдырғаны елге белгілі.**

**Егер астанамыз Арқаға ауыспағанда, бүгін біз бұл жерде келелі кеңес өткізіп отырмас едік. Целиноград қаласы тұрғындары түгел шетелдің мемлекеттік тілінде сөйлейтін, табиғи ауарайы да, саяси ауа-райы да суық Қазақстанның бір қаласы ретінде қала берер еді. Бірақ Қазақ Елінің Елбасы тапсырмасымен Үкіметі мен Парламенті де қазақ тілінде сөйлей бастаған астанасы болмас еді.** Нұрсұлтан Әбішұлы астананың ауысуына жаппай өре түрегеліп, қаншама қарсы болғандарға, тіпті серіктестерінің сенімсіздік білдіргендеріне де селт етпей, саяси ерлік көрсетіп, ел ордасын Арқаға ауыстырды. **Солтүстіктің суық қаласының суық саяси ауарайын Тәуелсіз Қазақ Елінің астанасы ретінде жылытып жіберген Елбасының еңбегін елмен бірге қарсыластары да мойындағанына куә болдық.** Иә, сол ең бір экономикалық, әлеуметтік қиын кезеңде Жер жаннаты – Жетісудан, абат қала Алматыдан ақ бораны адам ұшыратын, сары аязы сақылдаған Сары Арқаның төріне астана ауыстыру саяси да, табиғи да қиын кезеңде жасалған ерлік екеніне ешкімнің дауы жоқ шығар..

Астанаға ел басшысының атын беру әлемдік дәстүрлі жәйт. Демократияның атасы болып отырған Америкада АҚШ-тың тұңғыш президентінің құрметіне қойылған ел астанасы Вашингтонды айтсақ та, өзіміздің тарихымыздан тартсақ, Алтын Орданың хандарының құрметіне қойылған ел астаналары Сарай Бату, Сарай Берке қалаларын айтсақ та жеткілікті.

Тек кеше «Қазақ үні» ұлттық порталы дабыл қағып, жазғандай, шаш ал десе, бас алған әкімдердің «социалистік жарысы» арқасында ұлы тұлғаларымыз Абайдың, Әбілқайыр ханның, Төле бидің, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың аттарын, тіпті Тәуелсіздік атауын ауыстырып жібере жаздағанын қалай түсінуге болады? Батыр бабаларымыздың қанымен келген, бағасы да, баламасы да жоқ Тәу етер Тәуелсіздігіміз болмаса, Ел бола ма, Елбасы бола ма? Ақпарат министрі Дәурен Абаев пен Мәдениет министрі Арыстанбек Мұқамедиұлына рахмет, дер кезінде ресми жауап беріп, бұндай келеңсіздіктердің тоқтатылғанын мәлімдеді.

**Үшіншіден, енді біз Елбасыға елорданың атын берумен бірге тарихи сабақтастық ретінде Петропавл қаласына кезінде өзінің ордасы тұрған, үш жүздің басын қосқан қазақтың ұлы ханы Абылай ханның атын, Павлодар қаласына қазақтың тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың соңғы ханы Кенесарының атын, кезінде Алаш қаласы атанған Семейге қазақ тарихында ғана емес, Орта Азияда тұңғыш саяси партия құрған Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханның атын беріп, жақсы жалғастырып алып кетуіміз керек.** Кеше ғана Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлауды Елбасының өзі бастағанын білесіздер. Ендеше, бұл тарихи тамырымыздың тереңдігін, саясатымыздың кемелдігін көресетер іс болады деп білемін. Мәслихаттарымыз да, Парламентіміз де қала атын ауыстырудың ғарыштық жылдамдығын көрсетіп отыр, ендеше 28 жылдан бері неге созып келгенбіз бұл қалалардың атын ауыстыруды?..

Біз, Парламент Мәжілісі депутаты Азат Перуашев басқарып отырған «Ақ жол» демократиялық партиясы, Әз Наурыз мерекесі – Жаңа жылымызбен келген жаңаруымыз – Жаңа дәуіріміз – Жақсылық дәуірі болғай деп, елімізге ырысқұт, бірлік пен тыныштық тілеп, Алла алдымыздан Ақ жол аша берсін деймiз!

**Қазыбек ИСА,**
**«Ақ жол» партиясы төрағасы орынбасары**
*25 наурыз, 2019 жыл.*
*Qazaquni.kz*



# ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ ЖЕРІНІҢ КИЕСІ мен АБЫЛАЙ ХАН ӘРУАҒЫНАН ҚОРЫҚ, СЕРІК ЕРҒАЛИ!

**Серік Ерғали деген өзінің Фейсбук парақшасында: «Петропавлды» қазақшалағаннан, Серікжанды босаттыру – қазаққа мың мәртебе абырой әрі айбын» – деп, қып-қызыл бояумен түк қызармай-ақ, беті бүлк етпей, соғып жіберіпті... «Әкесін сабағанды көріп ем, арбаға байлап сабағанды тұңғыш көруім» дегендей, Абылай ханның атын берейік деген, кезінде хан ордасы болған қазақтың қасиетті өлкесін осылай оттаубаймен таптай салды...**

Қазақтың қасиетті жерін озбыр орыстың патшасының атынан үш жүздің басын қосқан, қазақты жоңғар шапқыншылығынан қорғап қалған ұлы Абылай ханның атына беру туралы Ұлттық мүдде мәселесі Серікжан бауырымыздың ақталуына қандай кедергі келтіріп отыр?

Ал осы екеуін әдейі бір-бірімен салыстырып, елді адастыру не үшін керек болды? Бұндай кесір-кесепаттық не үшін керек саған Серік Ерғали? Сен менен артық жаздың ба Қытайдағы қазақтардың қиын жағдайын? Сен кезінде менен артық насихаттап қолдадың ба Серікжан Біләшті? Өткен аптада ғана: **«Қытайдағы қазақтарға жасалып жатқан қылмысты әшкерелеп жүргендердің белсендісі Серікжан Біләшті Қазақ полициясының тұтқындауы дұрыс емес, ұғымға сыймайды. Оны босату керек! Ал Серікжанның: «Мен танкімін, таптап өтемін»-дегенін балабақшадағы балалар күнде айтады ойыншық ойнағанда...»** деп жарияладық «Қазақ үні» сайтында да, парақшамызда да... «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев екеуміз Бейжіңде өткен Әлем саяси партияларының 1-ші форумында Қытай басшысының өзіне қамаудағы 112 қазақтың тізімін тапсырдық. Оның 79-ы босатылғаны, 17-сі Қазақстанға оралғаны, міне осыдан бастап ашық күрес басталғаны туралы «Атажұрт» ұйымының қазығын қаққан Қыдырәлі Оразұлы мәлімдеді, Серікжан да жақсы біледі. Өйткені, осы екі азамат маған әкеп берген болатын тізімді. Сондықтан мен өткенде зиялылардың ашық хатына қол қоюдан бас тартқаным. Серікжан Сайрагүлдің босап шыққан тойында да, одан кейінгі талай жиын-тойларда да талай айтты: «Қытайдағы қазақтар жағдайын, Сайрагүл мәселесін бір тиын алмай-ақ ең көп жазған «Қазақ үні» газеті/сайты» деп. Талай жерде алғысы мен рахметін білдірді. «Атажұрттың» ютуб каналын көрсең, бәрі де тұр. «Қазақ үні» газет/сайтынан артық қай газет/сайт жазды ширек ғасырдан бері Қытай қазақтары мәселесін? 2006 жылы мен Үрімшіге барып, виза алу мәселесінің қиындығын «Қазақ үні» газетінде ашық сынап жазып, ол мақаланы сол кезде Парламентте отырған «Ақ жол» партиясы төрағасы Әлихан Бәймен көтерді. Ақыры Үрімшідегі консул ауысып, виза мәселесі оң шешілген.

Сенің бұл сауатсыз да, жауапсыз, бұл «медвежья услуғаң» өзі қыспақта отырған Серікжан Біләшті қораға кіргізіп, ыңғайсыз жағдайға қалдырған жоқ па? Парақшаң мен қаптаған топтарда сенің жасаған «жақсылығыңның» кесірінен Серікжан Біләштың атына айтылып жатқан «Қасиетті жерімізден, хан бабаларымыздан артық қоятындай Серікжан деген кім?» деген талай сынды ол өзі естісе, жеті атаңды түгендеп жіберіп жатқан шығар...

Петропавл, Павлодардың орыстың есалаң патшазадасының атында болғаны – Ұлттық намысымыздың тапталуы Тәуелсіздік алған 28-жылдан бері... Осыған ми жеткізу үшін қаншалықты саяси сауат керек?! Аяқ астынан пайда болып, «жанашыр» бола қалғандарды енді көріп жатырмыз. Топ жетекшісімін деп топырлатып соға бермеу керек. Тобыңда отырғандар тобыр емес.

Құдайға шүкір, елдің зиялы ұлтшыл қауымы осындай ұтымды сәтте солтүстіктегі орыс патшаларының атындағы қалаларымыздың атын алып тастап, Қазақ Тәуелсіздігі үшін күрескен ұлы хандарымыз Абылай хан мен Кенесарыға беру керек»деген ұсынысымды қолдауда. **«Есі дұрыс қазақ қолдау керек!» деген Жұбаныш Жексенұлы мен Рамазан Стамғазиев бастаған жұлдыздар қауымы, әлемге әйгілі Қанат Ислам бастаған батырлар түгел қолдауда. Әрине, «есі дұрыс емес» екі-үшеу қарсы болып жатқанмен, жаппай қолдаған халықтың шаңында қалып қалуда..**

Қасиетті қазақ жерінің киесінен, Абылай ханның, Қазақ Тәуелсіздігі үшін шайқаста құрбан болған соңғы ханымыз Кенесарының, Алаш көсемі Әлиханның әруақтарынан қорық Серік Ерғали!

**Қазыбек ИСА,**
*qazaquni.kz*

■ LEBIZ

# «НҰР-СҰЛТАН» АТАУЫН ҚЫЗУ ҚОЛДАДЫ



**Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерінің иегері:**

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті ретіндегі өкілеттігін тоқтату жөнінде шешім қабылдадым деген сәтте, миллиондаған көрерменнің сілтідей тынғаны рас. Қазақстанның ата-бабаларымыз аңсап өткен тәуелсіздігін алған кезеңнен бастап 30 жылға жуық еліміздің ішкі-сыртқы саясатында асқан көрегенділік, даналық танытып келген Елбасы бұл жолы да тарихи шешім қабылдаған болатын. Соның негізінде еліміздің Президенті лауазымына Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев тағайындалып, ант қабылдап, ресми түрде қызметке кіріскен сәтіне бүкілхалық болып куә болдық. Сол сәтте мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Астана атауын «Нұр-Сұлтан» деп өзгерту туралы бастама көтерді. Бұл ойға өз тарапымнан ешқандай қарсылығым жоқ. Өйткені, өзі негізін қалаған елорданың бүгінгі келбеті, бүгінгі жетістіктері мен мемлекетіміздің әлемнің алпауыт елдерімен тереземіз тең болуы үшін қажыр-қайратын, күш-жігерін аямаған ұлт көшбасшысы еңбегінің ұшан-теңіз екені баршамызға мәлім. Қазақ еліне Мәңгілік ел идеясын ұсынған да Нұрсұлтан Әбішұлы болатын. Жоғарыда айтқанымдай өзі негізін қалаған елордаға Елбасының есімін беру идеясын қолдаймын.



**Несіпбек ДӘУІТАЙ,
жазушы, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі және Астананың 10 жылдығына арналған медальдармен марапатталған, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты:**

Нұрсұлтан Әбішұлы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстан халқымен бірге жасасып, елі үшін тынбай жұмыс істеп келе жатқан көрнекті тұлға. Бұл бір. Екіншіден, Астана қаласын тұрғызып, Елордаға айналдырған да өзі емес пе?! Ендеше, Елордаға «Нұр-Сұлтан» деген атау бергенде тұрған не бар?! Астанамыз қазақтың маңдайына біткен тұлғаның есімімен аталғаны құптарлық іс.

Бұл тарихи шешімнің жаңа президенттің ұсынысымен қабылданғанын бәріміз көрдік. Елдің тізгінін ұстап отырған азаматтар осындай қарарға келсе, халық боп қолдайтын жөніміз бар. Бұл шешімді жағымпаздыққа балап жатқандар да бар. Көзіміз шалды. Жаппай халықты бұл үшін құстаналаудың да қажеті жоқ. Саяси сауаты толық жетілмеген қарапайым халықты арандатуға құмар топтар болады. Халыққа сіз болып, біз болып ұғындыруымыз ләзім. Бұл тарих өзі жолымен, жоралғысымен шығарған шешім.

«Нұр» сөзі де, «сұлтан» сөзі де сакральдық мәнге ие сөз. «Нұр-Сұлтан» қаласы деп атау байтақ еліміздің астанасына жарасып-ақ тұр. Мен бәріңізді осы шешімді қолдап, ұлт болып ұйысу жолындағы тұтас идеяға қызмет етуге шақырамын.



**Берік ДҮЙСЕНБИНОВ,
Мәжіліс депутаты:**

«Ақ жол» партиясының мүшелері Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Президенттік өкілеттігін тоқтатуына орай ой-пікірлерін білдірді.

Мәселен, «Ақ жол» партиясынан Мәжіліске депутат болып сайланған Берік Дүйсенбинов Елбасының Президенттік өкілеттігін тоқтатуын күтпеген жаңалық болғандығын айтады. «КСРО-ның қирандысынан бүгінгі Тәуелсіз, әлем мойындаған, терезесі тең Қазақстанға дейінгі жолды тек Елбасының атымен ғана байланыстырамын. Елбасымен замандас болғанымды мақтан тұтамын. Алып мемлекеттердің арасында адасып қалмай, көршілерге адал серіктес, қиналғандарға қол ұшін созған бауырлас, соғысқандарды татуластырған бейбіт мемлекет болдық. Өшкен ұлттық құндылықтарымыз қайта жанды. Адам баласы жақсылыққа жылдам үйренеміз ғой. Күні кеше ғана электр жарығы болмай, сабынды қантқа айырбастап, бала-шағамызға киетін киім болмай қалған күндерді бүгін ұмыттық. Бүгін, Елбасының сөзінен кейін көңілге бір өкініш ұялады. Елдің тарихында Елбасыдай басшы қайталанбасы анық», – деді ол.

«Ақ жол» партиясы ОК хатшысы Арман Скабылұлы да Тұңғыш Президенттің мәлімдемесін екіұдай сезіммен қабылдағандығын баса атап өтеді.

«Қазақтың Жаңа жылы – Наурыз мейрамы қарсаңында Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев өз өкілеттігін тоқтататынын мәлімдеді. Өз басым бұл жаңалықты екіұдай сезіммен қабылдадым. Қанша дегенмен бүкіл отыз жылдық еңбек ғұмырым осы бір тұлға қазақ мемлекетін басқарған дәуірмен тұспа-тұс келіпті. 1989 жылы газет редакциясының табалдырығын аттаған сәттен бастап журналистік жұмыс дәл осы Назарбаев дәуірінде өтті. Бір рет Нұрсұлтан Әбішұлынан сұхбат алдым. Елдегі жағдай өте қиын кезең болатын. Қазіргідей дайын сұрақтар емес, көңілім қалаған, көптен көкейде жүрген сауалымды қойғаныма бүгін ешкім сенбейтін де шығар!», – деп жазады Арман Скабылұлы.

Сонымен қатар, ол Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ тарихындағы қайталанбас тұлға екендігіне баса назар аудартады. Ал «Ақ жол» партиясы Алматы облыстық филиалының төрайымы Мейраш Шынасылова мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі, халықтың әл-ауқатының артуы жолында атқарған Елбасының еңбегіне жоғары баға берді.

«Елбасының қабылдаған шешіміне қарсы тұра алмаймыз. Бұл кемелденген тұлғаның шешімі! «Өзіне өзі сын көзімен қарамайтын халық болашағына көп үміт арта алмайды. Біз бойымыздағы озығымыздан үйреніп, тозығымыздан жиірене білсек қана өркениетті мемлекет, еңселі ел боламыз», – деген Елбасының сөзі оның биік тұлға екендігін дәлелдей түседі», – деді М.Шынасылова.

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ

**Бұл сұраққа қысқаша жауап бермес бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзінен үзінді келтіруді орынды көреміз: «Қазақстан-2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр». Біз неге бұлай дейміз? Өйткені, «бір халық» – бұл барлығымыз үшін ортақ ұлттық мүдделер. «Бір ел» – бұл барлығымыз үшін ортақ Отан. «Бір тағдыр» – бұл біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер! Бұл біздің ортақ келешегіміз – игілікті және өсіп-өркендеген Қазақстан! Осының барлығын қоса алғанда, Стратегияны табысты жүзеге асыру үшін қоғамның бірлігі қажет дегенді білдіреді».**

1999 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша Қазақстанда 130 ұлттың өкілі өмір сүретіні анықталған. 35 ұлттың өкілі «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заң талаптарына сәйкес 365 ұлттық-мәдени бірлестікке біріккен. Олардың отыз бірі Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ассамблея Кеңесінің мүшесі. Сонымен бүгінгі таңда Қазақ еліндегі ассоциацияларға тоқталсақ:

1. «Вайнах» шешен және ингуш халықтарының мәдениетін дамыту ассоциациясы.
2. Түріктердің «Ахыска» қоғамы.
3. Қазақстан кәрістерінің қауымдастығы.
4. «Луис» армян ұлттық-мәдени орталығы.
5. Ассириялықтардың мәдени орталығы.
6. Қазақстан поляктарының одағы.
7. «Тұран» әзірбайжан мәдени орталығы.
9. «Беларусь» ұлттық-мәдени орталығы қоғамдық бірлестігі.
10. Қазақстан Республикасындағы Еврей ұлттық ұйымдарының «Мицва» Ассоциациясы.
11. Түркімен қоғамдық-мәдени орталығы.
12. «Возрождение» – Қазақстан немістері қоғамдық бірлестігінің Ассоциациясы.
13. «Мекен» қырғыз мәдени орталығы.
15. «Достлик» – Қазақстан Республикасындағы өзбек қоғамдық бірлестіктері Ассоциациясы.
16. Қазақстандағы орыс, славян және казак бірлестіктерінің Ассоциациясы заңды тұлғалы бірлестігі (ҚОСКБА ЗТБ).
18. Қазақстандағы румын-молдован Ассоциациясы.
19. Қазақстандағы ұйғырлардың республикалық мәдени орталығы.
20. Қазақстандағы украиндықтар Радасы.
21. Қазақстандағы татарлар мен татар-башқұрттардың қоғамдық және мәдени ассоциациясы.
22. «Барбанг» – күрдтер қоғамдарының Ассоциациясы.
23. Қазақстандағы грек қоғамдарының Ассоциациясы.
24. Қазақстан дүнгендерінің ассоциациясы.

Бұған қоса Кіші Ассамблеялар бар. Яғни, он төрт облыстық және қалалық ассамблея жұмыс істейді.

**Қ.САҒАТҰЛЫ.**



**Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,**
**мемлекет және қрғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің мүшесі**

## БЕЙБІТШІЛІК ИДЕЯСЫ – СӘТТІЛІК НЕГІЗІ

Шығыс даналығында «Тіпті ең үлкен жолдың өзі кішкене қадамнан басталады» демекші, табыс пен тұрақтылықтың бүгінгі қазақстандық жолы да кішкене қадамдардан басталды. Мен жаңа ғана егемендігін алған елдің қалыптасуында тек жай бақылаушы ғана емес, белсенді қатысушы болдым, ол кезең оңай болмады. Империя құлады. Одақтас елдер ыдырап кетті. Оған қоса, жергілікті соғыстар мен қақтығыстар орын алды. Күйзеліс орнықты. Адамдар абдырап қалған кез еді. Бұрынғы өмір кетті. Жаңа өмір басталмай қойды. Не болады? Қысқасы, мәселе қауіптенген адамдардың басын қатырды.

Ал, расында, барлық одақтас республикалар ішінде тек Қазақстанда шиеленістер мен соғыстар болады деген болжамдар айтылған еді. Өйткені, біздің елімізде ғана әртүрлі ұлттардың саны көп. Жүз отыздан асады! Жалаңаштаған сымдар сияқты абдырап қалған ел аса сезімтал еді, олардың қайнап буырқанғаны қатты сезілген еді. Ана жақтан, мына жақтан наразылық дауыстар естіліп жатты. Осы ахуалды пайдаланып, адамдар санасына тәртіпсіздік орнатқысы келгендер де болды. Кейбірі, тіпті, егемендіктен ләззат алып, бұрынғыны жоққа шығарғысы, байланысты үзгісі келді.

Бірақ данышпан адам ғана әлсіз жағын күшті етеді. Біздің Президентіміз нақ осылай етті. «Иә, біз әртүрліміз. Бірақ, біз бір елдің баласымыз. Біз – біртұтас халықпыз. Біз тек қана бір-бірімізбен ақылдаса отырып, қолдармызды біріктіре отырып, табысқа, жақсы өмірге жетеміз». Дәл осы ойды ол халыққа жеткізгісі келді. Дәл сол уақытта адамдарды біріктіретін көпір болатын, әрі жол бастаушы болатын құрылым құру идеясы алғаш рет туындады. Соның нәтижесінде, Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Жүректен шын айтылған сөздер әрдайым да басқалардың жүрегіне жетеді. Халық оны естіді. Сенді, артынан ерді. Мұның бірден-бір дұрыс жол екенін уақыт көрсетті. Бірақ мұның өзіне оңай қол жеткізбедік. Мен Мемлекет басшысының халықтың тағдырын, өз елінің болашағын ойлап ұйықтамай өткізген түндерінің куәсі болдым. Қандай да бір іс болсын, онда кереғарлық ұғымы болады. Әрине, кереғарлық кездермен оң жайттар болуы әбден шарт. Кеңес империясының басқару онжылдықтары, әлбетте тек өткен жоқ. Тіл, дін ұмытылды, тарих қасақана өзгертілді... Сондай-ақ, идеологиялық жұмыстар жоғары деңгейде жүргізілді. Партия орасан күш иесі, қайратты авторитет болды. Үлкен бір күш халықты, оның санасын, ой-пікірін бір бағытпен ешбір шығар тесік, не жол қалдырмай басқарды.

Мен Елбасы жанында бес жыл жұмыс істеу бақытына ие болған адаммын. Бұл тәуелсіздігіміздің ең алғашқы жылдары. Маған жауапты жұмыс атқару жүктелді. Мен идеология, яғни ақыл мен ой-сана, қоғам пікіріне жауап бердім. Президент адамдармен көп кездесті, сөйлесті, тыңдады, жазып алды. Осындай кездесулердің бірін мен ерекше есіме аламын. Бір кезеңдерде жиындар, митингілер көбейіп кеткен болатын. Тарихта қабылданғандай, өзгерістер кезеңінде сахнаға әртүрлі «персонаждар» шықты. Олар басқа ұлт өкілдерін елден қуып жіберуге де шақырды. Біз Президентке қатаң шара қабылдауды ұсындық. Бірақ, данышпан патша әр кезде де алыстан барлаушы. Нұрсұлтан Әбішұлы да солай ұлттық сарындағы барлық қозғалыстар өкілдерімен кездесу ұйымдастыруды тапсырды. Кездесуге келген басшылар аздап өшігіп, қиқарланған кейіп танытты. Президент бәрін тыңдап, оларға ішіндегісін бәрін айтуға мұрсат берді. Содан соң өзі сөйледі. Жай қарапайым мәтінмен, мысалдар келтіре отырып, отырғандарға неге бұл әрекеттерінің дұрыс емес екенін жеткізе түсіндірді. Ол қазақ халқының тарихын сөз етті. Халқымыздың егемендікке ғасырлар бойы қол жеткізуге ұмтылғанын сөз етті. Қазір өз қолымызбен қате әрекеттермен бостандығымызды апан-топан етуіміз мүмкін екенін айтты. Зал үнсіз қалды. Біршама уақыттан соң адамдар сөйлей бастады. Бірақ басқаша сөйледі. Міне, сол кезді мен күрт өзгерген заман деймін.



**Оралбай ӘБДІКӘРІМОВ,**
**қоғам және саясат қайраткері**

## ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ – ҚАЗАҚСТАН САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗІ



Халық Ассамблеясы құрылуының арқасында ондаған мың адам өзінің мәдениетін, тілін өзінің ата-бабаларын біліп, құрметтеу мүмкіндігін иеленді. Ел аумағында жүздеген жексенбі күнгі мектептер қызмет етеді. Ол жерде өзінің ата-бабаларының тілдерін балалар, жастар, ересектер оқиды. Өзінің ұлтымен қорқынышсыз өзін біріктіру, өзінің елінің сеніміне еру, тарихын меңгеру, тарихи Отанымен тығыз байланысты ұстану факторлары өте маңызды. Өйткені, дәл осы – қауіпсіздік, тұрақтылық және ертеңгі күнге сенімділік сезімі, сен өзіңнің балаларыңа және немерелеріңе ұлт немесе конфессиялық көрініс бойынша қысым төндірілмейтінін білген кезде, таптырмайтын еркіндік, тәуелсіздік сезімін сыйлайды.

Соғыс пен жанжалдар – әрқашан, кез келген елде құлдырауға, күйреуге және жоқшылыққа апаратын тікелей жол. Мұндай қақтығыстарда жеңімпаздар болмайтыны өз-өзінен түсінікті. Өйткені, ел өзінің жерінің бостандығы және тәуелсіздік үшін күрескен кезде, бұл – ерлік, ал халық жеке тұлғалардың арандатуына ілесіп, ұлттық және конфессиялық жағынан тарыдай шашыраған кезде мұндай жанжалдар – зор қасірет.

Жасампаздық жеңіл дүние емес, ал талқандау мен қирату – әрқашан оңай. Тұрақтылықты сақтау, бейбітшілікті қорғау, шынайы құндылықтарды жас ұрпақ бойына сіңіру, оларға бейбітшілікті сақтаудың маңыздылығын, ынтымақтың құндылығын жеткізу – міне, басты міндет.

Біз – жер шарындағы айрықша бір мамыражай аймақта бейбіт қатар өмір сүріп, өзара татулықты кастерлейтін бірегей елде ғұмыр кешіп жатқан ғажайып ел екендігімізді есте сақтауымыз қажет.

# ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?





**Ахмет МУРАДОВ,**
**«Вайнах» Қазақстанның шешен-ингуш халықтары Қауымдастығының тең төрағасы**

## ҰЛТТЫҚ БІРЛІК пен РУХАНИ КЕЛІСІМ – БАСТЫ ЖЕТІСТІГІМІЗ

Мен Қазақстанда қырық жылдан аса уақыт тұрып келемін. Осында тудым, бала кезімде мені Кавказға алып кеткен, кейіннен қайта оралдым. Осы кезге дейін қанша адаммен араласып жүрсем де, ешкіммен ұлтқа қатысты сөз таластырып көрмеппін. Менің ертеден әр түрлі ұлттар арасынан достарым бар, олардың кейбірі, тіпті Қазақстан этностарының тізімінде де жоқ, бұл – біз өмір сүріп, тәрбие алып, қалыптасқан ақиқат өміріміз. Біздің қоғамда, әрбіріміздің санамызда адамдар ұлт бойынша емес, адамгершілік қасиеттерімен бағаланады. Егер сен тәрбиелі, шыншыл, еңбекқор болсаң, сенің қазақ, шешен не болмаса орыс, поляк екендігіне кімнің шаруасы бар?

1991 жылы, біз барша халықпен бірге сайлауда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа дауыс бердік, содан соң өз өмірімізді жаңа сапада – тәуелсіз мемлекеттің азаматтары ретінде бастадық. Ауыр, тұрақсыз кезең болды, ал 1992 жылы жағдай Маңғышлақта, Ақтауда ушықты. Мұндай сәтте қақтығысқа жол беруге қақымыз жоқ еді, сондықтан ондай сұмдықты болдырмас үшін қоғамдық күштерді жинауға бел будық. Бұл сол кезде пайда бола бастаған, қиынқыстау сынақтардан өткен және іс-қимылға дайын ұлттық-мәдени орталықтары, ардагерлер кеңестері, ауғандықтардың қоғамдары, чернобыльдықтар мен басқа да адамдардың басын біріктірген ұйымдар болатын. Сонымен, облыс басшысының рұқсатымен біз облыс әкімдігі ғимаратында аталмыш белсенділерді жинап, мәселе жөнінде ашық түрде, шындықты жасырмай сөйлестік. Жүрегі жарқын адамдардың диалогы біздерді бірыңғай ұйғарымға әкелді, бұл шешім – бейбіт, тату-тәтті өмір сүріп, бірлесіп, жаңа Қазақстан мемлекетін құру шешімі еді. Осы жиналыстың нәтижесін біз «Халық келісімі Кеңесі» деп атадық. Оның құрамына этностық топтардың, саяси және қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді. Басшысы болып Жаздырхан Сейдалиев сайланып, ал оның орынбасары болып мен тағайындалдым

Бұл аяқ астынан құрылған, бірақ жағдайды өзара жақсы түсінген, аумақта болып жатқанға жауапкершілікті бірлесе көтеруге дайын адамдардың ұжымы болатын. Біз не экономикаға, не саясатқа араласпадық, тек ынтымақтастық жағдайында бірлесіп өмір сүру қажеттілігіне назар аудардық. Әрбір қақтығыс жағдайды біз тетіктеп шешіп, мұның бәрі ұлттық араздыққа апармас үшін қолымыздан келерін де, келмесін де жасауға мәжбүр болдық.

1994 жылғы жазда Маңғыстау облысына Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың іс-сапары дайындалып жатқан кезде, біз біршама жұмыс істеп жатқан едік. Ол кезде облыс әкімі Ләззат Қиынов болатын, онымен бірге біз Президентті қалай қарсы алсақ екен деп «бас қатырған» едік. Дайындыққа «Халық келісімі Кеңесін» де шақырдық. Нәтижесінде, расында Елбасы алғаш рет біздің аймаққа келе жатқандықтан, оны қадірменді қонақ ретінде, ең керемет дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды ұстанып – дастарқан жайып, әртүрлі ұлттардың тағамдарын әзірлеп, өзіміздің ұлттық киімдерімізді киіп, Президентімізге бәріміздің басымыз бір екенін көрсетіп қарсы алайық деп шештік. Бұл біздің қолымыздан келді! Нұрсұлтан Әбішұлын бәріміз бірге бірлесіп құшақ жая қарсы алдық. Барлығы өте қызық әрі тартымды өтті, біз Елбасымыздың қасында өзімізді сонша рахаттана сезіндік, мемлекет жетекшісімен үлкен ағамыздай бүкпесіз сұхбаттастық.

Сол кезде Қазақстанда бірыңғай қоғам болып өмір сүріп, өзіміз сенген адамның көшіне ергіміз келетінін жасырмай айттық. Әңгіме аяқталған кезде, Президент ұлттық мәдени орталықтардың ұйымдастырған көрмесін қарап шығып, Алматыда да осындайды ұйымдастыру керек деп жанындағыларға тапсырма берді.

Арада бір жыл өткен соң, 1995 жылдың наурызында бізді Алматыға Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы, құрылтай сессиясына шақырды, осы ойды Елбасының өзі бірнеше жылдар бойы іске қосуды ойлап жүрген екен, осы ойын ерекше сипаттағы ұйымға айналдырды. 1994 жылы біздің Кеңестің Президент үшін өз ойының қазақстандықтарға қажетті құрылым екендігіне тағы бір дәлелі болғанына аса қуаныштымын.

Тағы бір айта кететін маңызды жайт, Қазақстанның көпэтнос жайында сөз қозғалғанда, біз 130 этнос, бай тарих, ортақ тағдыр туралы айтамыз. Бірақ біз осы жердің түпкі иелері қазақтар туралы айтқанда бұл жағы бізге түсінікті әрі заңды, ал қалған этностар жайында не айтуға болады? Көбісі жер аударылып келді, көбісін өлімге жазып осында жіберген, менің айтайын дегенім: біздің сол ауыр жағдайда Қазақстанға келіп қалғанымыз – біздің бақытты тағдырымыз. Себебі, бізді осы жерде адам деп қабылдады, осында тұратын адамдардың жанашырлығы, толеранттығы мен қолдау көрсеткендігінің арқасында біз тірі қалдық, біз олармен бірге адам сенгісіз қиындықтарды бастан өткізіп, алуан-алуан жеңістерге қол жеткіздік. Мұндай оқиғалар біздің өмірімізді, біздің өткен және болашақ өмірімізді Қазақстан жерімен байланыстырды, осы елді біздің нағыз Отанымыз етті, ал бізді біртұтас халыққа біріктірді.

Басқа елдерде ҚХА моделі бойынша ұқсас ұйымдар құрылған, бірақ та Қазақстан халқы Ассамблеясы бұрынғыдай, мемлекеттің бірінші тұлғасымен басқарылатын жалғыз ұйым болып қала береді.



**Қуаныш Сұлтанов,**
**қоғам және мемлекет қайраткері,**
**саяси ғылымдарының докторы:**

## ЕЛБАСЫНЫҢ РУХАНИ ЖОБАСЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясы – еліміз Тәуелсіздік алған алғашқы кезеңдерінен бастап Елбасымыздың ой-елегінде болған деп ойлаймын. Мүмкін, ол жөнінде ойлары бұдан да ертерек пайда болған шығар, бірақ бұл менің болжамдарым ғана, өйткені, ересек шағымызда біз қабылдайтын өмірлік маңызды шешімдер – бұл біздің балалық және жасөспірім шағымызда жадымызға ұялаған ойлардың жемісі. Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің балалық шағында ата-анасының, 40-шы жылдары, сталиндік репрессия кезеңінде басқа да халықтар сияқты Қазақстанға қоныс аударылған ингуш отбасын қамқорлықтарына алғаны туралы айтқан болатын. Міне, кішкене бала кезінде Президент толеранттықтың алғашқы сабақтарын туған отбасында алған болар. Яғни, бұл – ұрандармен жарияланатын интернационализм емес, өзге халықтар өкілдеріне, олардың тілі, салт-дәстүріне қадірлей қарау сабақтары еді.

Елбасымыз алғаш рет Ассамблея құру туралы айтқан кезде (ол кезде мен баспа және ақпарат министрі қызметінде едім, вице-премьер) көп адамның бұл идеяны бірден қабылдай қоймағаны әлі есімде.

Нұрсұлтан Әбішұлы мәселені талқыға салып, өз ойынды білдіргенді өте жоғары бағалайды және қандай да бір идеяны алға тартқанда, айналасындағы адамдардың назарын мұқият бақылайды. Айта кетерлігі, мен бұндай құрылым қандай мәселелерді қарайтынын, немен айналысатынын ұғынбадым. Кейіннен бұл сұрақтардың барлығы да ойластырып, орын-орнына келді. Ал 1995 жылы Елбасы Ассамблеяның құрылымы, міндеттері мен мақсаты, қарастыратын мәселелері бойынша нақты ұсыныс жасады.

Қазақстанда тұрып жатқан барлық халық, барлық этносаралық топтар біздің еліміздің рухани байлығын құрайды. Осының негізінде Президент бірінші кезекте қоғамдық пікірді білдіру мүмкіндігі бар, сонымен қатар, қандай да бір этносаралық топтардың мүддесін білдіретін Қазақстан халқын біріктіру сияқты адамгершілік мақсаты бар қоғамдық құрылымды құруды ұсынды. Олар өздерінің теңқұқықтығын толыққанды сезіну үшін, өздерінің тағдыры және өз халқы мәдениетінің тағдыры жайлы алаңдамау үшін. Бұл — Қазақстан халқы Ассамблеясын құрудың негізгі мақсаты еді. 1995 жылы сәуір айында Ассамблеяның бірінші отырысы өтті.

Мен атап өткендей, бастапқыда ҚХА қалай, қандай негізде жұмыс істейтіндігі туралы түрлі көзқарастар, түрлі пікірлер болған еді. Ол Парламентті қайталамай ма? Бірақ, кейінірек, ҚХА туралы ереже әзірлеу кезінде, одан кейін де Ассамблея Парламентті еш қайталамайтын машығын көрсетті. Парламент биліктің заңнама шығарушы тармағы, ал ҚХА көп этносаралық Қазақстанды көрсететін қоғамдық ұйым. Бірақ, кейін де Ассамблеяның құқықтық мәртебесі Конституцияда бекітіліп, ҚХА туралы заң қабылданды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы бұл — осы жылдары өзін толықтай ақтаған Нұрсұлтан Назарбаевтың рухани идеологиялық жобасы.

Елбасы жыл сайын Қазақстан халқы Ассамблеясында сөз сөйлейді және оның сөзі бағдарламалық сипатқа ие болды. Ұлт көшбасшысының сөзі аса қызығушылықпен тыңдалып, талданады, оның тұжырымдамаларын іске асыру жөнінде жоспарлар, бағдарламалар құрылады. Президенттің ҚХА айтқан сөздері оның жыл сайынғы Парламентте айтылатын Қазақстан халқына Жолдауымен түйіндес болып келеді. Бұл дәстүрге айналып кетті.

Президенттің Ассамблеяда айтқан сөздерін мұқият тыңдайтындар, оның барлық тілдердің теңдігін дәйекті түрде жүргізетінін біледі. Сонымен қатар, әсіресе, жастар алдына басқа тілдерді, оның ішінде ағылшын тілін білу міндетін қояды. Бұдан басқа да әр этносаралық топтың елімізде өз ана тілін оқып үйренуге мүмкіндігі бар. Ол үшін Президент қажетті жағдайдың барлығын жасауда. Осы мақсатпен ҚХА жанында, Достық үйі жанында арнайы мектептер, тілдік курстар ашылып, газеттер шығарылады. Осындай мемлекеттік саясаттың, Ассамблеяның жұмысының арқасында бір де бір халық өзін жәбірленген сезінбейді. ҚХА тұрғындардың көзқарасын жасына, ұлтына қарамастан қалыптастыруға оң әсерін тигізуде. Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің негізгі міндеті – жасампаздық мақсаттағы халықты біріктіру міндетін табысты атқарып келеді.

№11-12 (829-830), 29 naýryz, 2019

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz



# БОРАННАН

## Жазушы Тахауи Ахтанов туралы сыр

**Атыраудың ағашаяқ адуын желі батысқа ұйлығып, найзағай шарпыған бастарын боранда ыққан қойлардай бір-біріне еміне тыққан буыршын бұлттары жөңкіліп келіп қалды. Қарасүлік атанған атымды барынша тебініп, әкем өріп берген төрт өрме қамшыны үйіре сауырлатып, желден ыққан отардың алдыңғы жағына қарай құйғыта шаптым. Жүйрік желге не дауа, әп-сәтте алқын-жұлқын болып, екі иығын жұлып жеп келіп қалды. Тамағым жыртылғанша айқайлаған менің шіңкілдек бала даусымды бұрқ-сарқ етіп жетіп келген жебір жел қақшып алып, ерсілі-қарсылы жосылып, жарқылдап ойнаған жасынның жер тітіреткен гүріліне апарып, шым батырды. Сәлден соң сатырлап құйған қара нөсер аспан астында бір уыс болып иірілген отарды одан әрі бүрістіріп, қарсы беттен құйыла соғып, айналаны әлемтапырық түрге бояп, төңіректі қарғын етті де жіберді.**

Мезгіл қарашаның басы еді. Күзгі каникул уағы. Аккиізтоғай ауылындағы орта мектептің 6-шы класында оқимын. Каспийге иек артқан Айранкөлдің мігірсіз, айран-асыр шағы. Әкеме қолғабыс беріп, отарды байырқалатып, Атыраудың шығыс жағына қарай аунata жаймалап, жайбарақат тұрғанмын. Каспийдің мінезін адам түсініп болмайды. Насыбайы таусылып, шекесі құрыстап тұрған қырдың кіді мінез қырсық шалындай аяқ астынан бұлқан-талқан болып ашуланып, бұлтын сабалап, найзағайын тағалап, нөсерін жаңалып, шақ-шәлекейі шығады да қалады.

Кенет қара нөсердің арты қарға айналды. Ұйпа-тұйпа ақ боран мамығын жұлдырған аспандай болып, айнала түтеп кетті. Қара нөсермен өзінше қасарысқан бала көңіл енді шындап қауіп еткендей еді. Дауыс жоқ, қарлығып қалған. Тыныс кем, барлығып қалған. Аяғы сараң тарта бастаған қарасүлікке қамшы енді шыбын шаққан құрлы көрінбейтін секілді. Сауырлатып жіберсем, мөңкіп-мөңкіп, мені айдалаға лақтырып тастап, ауыл қайдасың деп тартып тұрудан тайынбайтындай. Амал жоқ, аттың ығына жығылып, сараңның дастарханына шашылып түскен бір уыс бидайдай болып шашырап-пышырап бөлініп бара жатқан қойлардың қайсысына ұмтыларымды білмей, мен де діңкелеп қалдым.

Осы кезде ақ боранмен астасып, үстіндегі ақ желең көйлегі жеңістің жалауындай болып желбіреп, бәйгеторымен құйғытып келе жатқан әкем де көрінді.

– Құлыным, амансың ба, отар енді қайыртпайды, бір жөні болар, мен ізінен ере берейін, сен ауылға шап, құрғақ киім, тың ат әкелсін Дәкес ағаң, – деп әкем отардың жел бетіне қарай желе шапты. Менің қарасүліктің басын қоя беруім сол екен, оның сараң тартқан тұяқтары сатырлап ауылға қарай ала жөнелді.

Кешке Атырау аспаны шәйдай ашылып, мал-жан аман, бәріміз манағы дүлейдің сұсы мен күші туралы таласа-тармаса әңгіме айтып, анамыздың жаңа ғана оттан алған иісі бұрқыраған таба нанын қызыл сиырдың қаймағына батырып жеп отырдық.

Осы бір сәт менің өмірі есімнен кетпейді. Неге екенін қайдам, әкемді сағынып, оны еске алғанда, осы сурет көз алдыма келеді де тұрады. Бір ғажабы, осы сурет мен ең алғаш Тахауи аға Ахтановты көргенде тағы да көз алдыма келді. Мүмкін оным қазақ жұрты құнығып оқып, құмартып түйсінген «Боранын» оқығандікі ме екен?! Оқырман ретінде, маман әдебиетші ретінде айтарым, Тахауи Ахтановтың «Боран» романы қазақ сахарасының ұлттық психологиясын терең де танымды, әрі нанымды бере білуімен құнды. Ол осы шығармасымен қазақ прозасының көзі тірі классигі атанған. Ұлы Әуезовтің көзіне түсіп, көңілін өсірген талантты топтың бірегей өкілі ретінде Тахауи Ахтанов қаламы қазақ әдебиетінің де мерейін өсіріп, мәртебесін көтерді. Оның «Бораны» да, одан бұрын шыққан «Қаһарлы күндері» де адам көңілін алай-дүлей боранға орап, өзің де сол аққөз боранның ішінде жүргендей боласың. Даланың мінезін беруде, адамның көңіл ауанын бағамдауда Ахтанов прозасының оң иығы ылғи алға шығып тұрады. Тіпті, оның қаламының ұшынан кейде дауыл дуылдап шығып, шыңылдап келіп, шындықтың шекпенін сілкиді.

Иығында көнетоз әскери гимнастеркасы бар, бірақ жүрегінде жігер мен қайсарлық оты жанып, намысы кеудесін шарпып тұрған офицер Ахтанов – қан майданда төрт рет ауыр жараланып, сонда да саптан шықпай, ұлы жеңіске өзінің тарихи үлесін қосқан қаһарман. Бабадан жеткен ерлік пен өрліктің болмысын өнерге түсіріп, қалам ұстағанда қара үзіп, топтың алдына шығып, маңдайы жарқырап, көптің көзіне, сұлудың сөзіне түсіп, досына мақтан, жауына батпан болып, ғұмыр кешкен жан. Бірақ менің көзіме ол бораннан шыққан баһадүр болып көрінеді. Буырыл шашы бұрқырап, дауысы күндей күркіреп, қалың топты қақ жарып келе жататын оның кейпі әлі көз алдымда. Бұрқырап, күркіреп, кейде бұрқ-сарқ қайнап келе жататын Тахаңның көз қиығында бір нәзік сәуле, жұмсақ нұр бірге келе жатады. Талай көрдім мен соны.

Бірінші рет сол бір жұмсақ сәулені 1973 жылы көрдім. Алматының қара күзі. Онда мен ҚазГУ-дің филология факультетінің 4-ші курс студенті болатынмын. Университеттің Әуезов атындағы әдеби бірлестігі жазушы Тахауи Ахтановпен кездесу өткізді. Кездесуге бірер күн қалғанда мені кафедраға шақырып алған ұстазым Зекең – Зейнолла аға Қабдолов: «Тахаң туралы бір өлең жаз, мен алдын-ала көрейін, көңілден шықса, кездесуде оқып бересің» деп тапсырды. Күткен күн де келді. Үлкен аудитория лық толды. Тахаң өзімен бірге әйгілі қаламгер Асқар Сүлейменовті ерте келген екен. Төрде бурыл шашы енді бұрқырай бастаған Тахауи Ахтанов, оның оң жағында Зекең – Зейнолла ағам. Сол жағында қолында ұзын сирақ сигареті түтіндеген Асқар ағам. Қайда отырғанымен жұмысы жоқ, маңғаз, қолында бұрқыраған темекісі, аудиторияға ернін шүйіре, мазақтай, менсінбей қарайтын секілді. Кейін білдім, өзінің әдеті екен.

Зекең жосылды. Бір сәт Тахаң тайбуырылды ерттеп мініп, алдаспанын өңгеріп, қорамсаққа қол салып, қозы жауырын оқ алып, Қазанға қарай аттанған қаһарлы Қобыландыға айналды да кетті. «Төрт рет қанын берсе де, жанын бермеген, жаудан қайтпаған, әдеби даудан қайтпаған Тахаң осы» деп төгілтеді Зекем. Зекең төгілткен сайын Тахаң бірте-бірте еңсесін тіктеп, қанатын қомдап, алшайып атқа мінгендей жалданып, аудиторияда балапандай шүпірлеп отырған көгенкөздерге «мен туралы айтып жатыр» дегендей мерейленіп, пейілденіп қарайды. «Қабырғада қырық жара, омыртқада отыз жара» деп өзіміз жаттап өскен жыр жолдары көңілге құйылып келіп, Тахаңның келбетіне үңіліп-үңіліп қараймыз.

Мінберге темекесі түтіндеп Асқар ағам көтерілді. Ол Тахауи Ахтанов шығармашылығының қыры мен сыры, сыны мен сымбаты хақында, қаламгердің психологиялық иірімдерге барудағы тосын қадамы мен шеберлігі жайында, табиғат пен адам арасындағы мәңгілік байланыс пен өмірлік күрес жолындағы пәлсапаның көркемдігі мен кемелдігі туралы бір сағаттай лекция оқыды. Бір сөзін ұғып, екінші сөзін шырамытып, үшінші сөзін ұстай алмай, Асқар көкемнің алып қашқан пікірлеріне әдеби деңгейіміз жете алмай, бәйтерекке талпынған балапандай болып біз отырмыз. Арасында темекісінің түтінін бұрқ еткізіп бір тартып қойып, Асекең де көсілді. Ара-арасында орысша сөздер мен әдеби терминдерді бір тұздықтап қойып, Асқар сөзінің соңында: «Шал, мен осымен сөзімді тәмамдаймын» деп оң қолын Тахаңа қарай жоғары бір көтеріп, темекісін бір сорып төрге беттеді. Зейнолла ағам маған өлең оқуға кезек берді. Қысыла, жүрексіне шықтым.

Өлең жазу сіз жайлы
маған да сын,
Алаңдасын бұл жүрек,
алаңдасын.
Тоңа алмайсыз ешқашан
борандардан,
Құрметтің тонына оранғасын, –

деп бір қайырдым. Тахауи ағама көз тастап едім, еңсеріле бұрылып, назарын ынтамен салып отыр екен. Кішкене сенім пайда болды.

Көкірегіңіз көріктей
барабан сап,
Оралдыңыз дала мен
ананы аңсап.
Қара шашты
қиындық күмістепті,
Есте қалып еркелеу,
балапан-шақ, –

деп бір қойдым. Тахауи ағамның көз қиығынан бір нәзік сәуле шашырап келіп, маңдайымды сипап өткендей болды. Манағы сенім енді одан әрі өн бойыма тарай бастады.

Елу деген ер үшін көктемдесің,
Сұлулар да өзіңді жек көрмесін.
Жаныңызда даламның
сәулесі бар,
Шырақ сөнбей,
шабыт та шектелмесін, –

деп тоқтадым.

Тахауи ағамның жүзі нұрланып, қолын шын пейілімен соғып отыр екен. Зекең де жүзі нұрланып: «Таха, бұл жастардың сізге берген аманаты» деп сол аманатты құжат түрінде тапсырып тұрғандай болып, өлең кейіпкеріне қарай еңсере бұрылып, қос қолын берді. Асекең: «ертең телевидениеге кел, сағат үште, мен теледидардан Тахаң туралы хабар жүргіземін, сен осы өлеңінді оқисың» деп қолымды алды. Ертеңіне айтылған уақытта хабарға қатысып, аталмыш өлеңімді оқып бердім. Бұл менің алғашқы ақындық қадамымдағы көгілдір экранға тұңғыш рет шығуым еді. Хабардың редакторы белгілі ақын Қажытай Ілиясов екен. «Өзің тастай ақын екенсің» деп қолымды құшырлана қысып еді сол ағам. (Айналайын, оқырман, ағаларымыздың айтқанына малданып, кейде осылай мақтанып кететін жайымыз бар, айып ете көрмеңіз).

Өзі де ағып тұрған ақын, әдебиеттегі алғашқы жолын өлеңнен бастаған, сын мақалаларының өзі шамырқанып, шамданып, жігерге толып, қамданып, жалын шашып, жалданып тұратын Тахауи Ахтанов қаламынан туатын туындылар «мен Ахтанов қаламымын» деп мінезін танытып тұрады. «Сөз жоқ, соның іздері» деп сөзгер Ғабең жазғандай, сөз жоқ, ақ қаптал жазушы Ахтанов қаламы анадайдан бой көрсетіп, келелі пікірлері «Керуен» тартып, көсіліп, тілін ашып, шешіліп жатады. Офицерлік былғары етіктің бірде қонышында, енді бірде мойнына асқан тері қоржынның қапталында жатып, «жүзі әжімденіп» кеткен дәптеріндегі әдеби пайымдарымен ұлт үлгісі Мұхтар Әуезовтің көзіне түсіп, оның кепілдігімен Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданған жас қаламгер кейін өзі де жастарды сол одаққа қабылдайтын төрде қазылық жасады.

Ол кездегі жас ақындар мен жазушылардың бір асыл арманы – Жазушылар одағына мүшелікке өту болатын. Менің де сол жылдары екі жыр жинағымды шығарып, кеудемді көтеріп, ақындар санатына атым кірді деп жүрген кезім. Одаққа өту туралы өтініш бердім. Ол кезде одаққа мүшелікке алудың тоқ етерін Мәскеу шешеді. Бірақ артыңнан арыз бармаса, қазақ шешкен шешімге орыс көп қарсы бола қоймайды. Одақтың қанқызыл билеті қолға тисе, жағдайың да жақсара бастайды, үй-жай алуға бір табан жақындайсың.

Бұл жылдары қазақ жастарының жетім бұрышты жағалап, келімсектер мен алыпсатарларды ағалап, әр-әр жерде көрпе-



**Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ,
ақын, ҚР Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты**

# ШЫҚҚАН баһадүр

жастығын алып, босып болмаса да, жосып жүретін кезі. Одаққа мүшелікке өтуге құжат жинайсың, бес жылдық стажы бар үш қаламгердің кепілдігі керек. Сол үш кепілдікті мүйізі қарағайдай үш тұлғадан – академик Мұқаметжан Қаратаевтан, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Қалижан Бекхожиннен және академик Зейнолла Қабдоловтан алып, көңілім тоқ болып жүргенмін.

Жастарды одаққа қабылдау жөніндегі комиссияның төрағасы – Тахаң – Тахауи Ахтанов. Өлең арнап едім, ағамыз ұмыта қоймаған болар деген тоқмейіл көңілім де жоқ емес.

Оның үстіне 80-ші жылдардың басында Алматыдағы Балалар мен жастар театрының сахнасында (ТЮЗ) Тахауи Ахтановтың «Әке мен бала» спектаклі табыспен жүріп, жастар газетінің сардары Сейдахмет Бердіқұловтың тапсырмасы бойынша сол сахналық туындыға «Әке де балаға сыншы» деген көлемді пікір-мақала жазғанмын. Психологиялық тылсымды иірім мен қисындық қуатқа толы, өмірлік ұстаным мен заманауи болмысқа уақыт бояуын түсіре бастаған шақта дүниеге келген бұл туынды көпшілік арасында көп әңгімеге арқау болды. Жазушының шеберлігі де сол ғой, жұрт жым-жырт қалмай, алуан пікірлер ағысы толас таппай, бір-бірін үстемелеп жатса, қаламгерлік мұраттың да өз биігіне шыққаны. Әттең, осындай шығармалар қазір керек-ақ, азаматтық енжарлық белең алған қазіргі заманда Мұқағалидың мақамына салып: «Тахаңдар жоқ, Тахаңдардың сарқыты да азайды» деп айтқың келеді де тұрады. «Лениншіл жас» газетіне келіп, Сейдағаңмен сұхбат құрған бір сәтінде Тахаң қолымды алып, құшағына басқан-ды. Сонда мен оның көз қиығынан өзіме қарай жүгірген жылы сәулені және бір байқағанмын. Осы екі сәуле көкірегіме нұрын түсіріп, арқамды Алатауға тірегендей болып жүрмін.

Мүшелікке өту – үлкен конкурс, сөзі сүзеген Оспанхан көкемнің тілімен айтқанда, бұл конкурсың да «күңгір-сүңгір» екенін кейіндеу білдік. Сөйтіп жүргенде, ол кезде мен «Лениншіл жас» газетінің әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі болатынмын, күтпеген оқиға болды. Бір әуесқой ақынның (әйел адам еді) ортақол өлеңдерін өзі айтқандай газеттің толық бір бетіне бермей, ықшамдап жариялап, содан дау шығып, ақыр соңында бұл жағдай менің одаққа өте алмай, екі рет құжатымды құшақтап, есік алдында қалуыма алып келді.

1985 жылдың наурызы болатын. Әуелі мүшелікке өтуге он төрт адам іріктелдік. Одақтың бірінші басшысының қабылдау бөлмесінің алдына қаздай тізіліп, бәріміз бірге келдік. Біртіндеп ішке шақырып жатыр. Шыққандар қуаныштан жүздері бал-бұл жанып, қалыптасқан дәстүр бойынша атап өту үшін төмендегі «Қаламгер» кафесіне қарай құстай ұшып кетіп жатыр. Атым аталмады. Бір кезде іштен шыққан Тұмағам маған бір қарап, жылы жымия күлімсіреп, жанымнан майпандап өте берді. Ешқандай белгі байқатпады. Шалғы мұрты шиыршық атып, алдыңғы шепке қарай адымдап бара жатқан қолбасшыдай болып Шерағам өтті жанымнан. Еш белгі байқамадым. «Ашулы Грозный патшадайын» Әбділда ағам өтті жанымнан сылтып басып. Ешқандай белгі жоқ. Бұйра шашы марқа қаракүлдің бұйрасындай болып ширатылып, Сайын ағам шықты іштен. Емен есікті серпе ашып, Тахаң шықты бір кезде. Маған бұрылып та қарамады. Жон арқасын беріп, жалы күдірейген жолбарыстай болып өте шықты. Белгі, сірә жоқ. Сол «жоқ» жоқ болды.

Сол жылдың желтоқсаны да келді. Жаңа жылдың алды. Жаңа жылдан жақсылық пен жаңалық күтіп, елеңдеп, емен есіктің алдына тағы жиналдық. Бір өзі бүкіл одақтың ауыртпалығын арқалағандай болып қабағын түйіп, көген-көздердің үкілеген құжаттарын құшақтап комиссияның жауапты хатшысы Ахат көкем келді. «Тәртіп – бұрынғы, мен кімдерді шақырам, сол ішке кіреді де, отырмай түрегеп тұрады, сұрақтарға жауап береді де, сосын сыртқа шығады» деп сұсты жүзбен біздерге бір қарап өтті. Біз ләппаймыз. Наурыздағы жағдай сол күйі тағы да қайталанды. Қапа болдым. Сол күні кешке Әбу ағама барып, мұңымды шерттім. Жаны баладай нәзік Әбу ағам қатты қиналып қалды.

– Япыр-ай, ә, бұл қалай болғаны, сенің өтуің керек еді ғой, мұнда бір гәп бар шығар, мен Тахауимен сөйлесейін, сен қамықпа, – деп бәйек болды жайсаң аға.

Ертеңіне телефон шалды. «Ұлым, сен ағаңды ренжітіп алыпсың. Батырдың ұрпағы ғой, әзір ашуы қайтар түрі көрінбейді. Енді амал жоқ, ақырын күтуге тура келеді» деп Әбу ағам мән-жайды түсіндірді. Әрине, енді не істеймін, өз қолымды өзім кесе алмаймын. Әйел затының алдынан байқамай өтіп кетіп, оның ашуы ағама барып байланғанын ұғындым. Мұңымды естіген Сейдахмет ағам сақылдап күлсін келіп: «Әй, сен өзің көп нәрсені білмейді екенсің, ағаңның «аңшылық» қасиетін қалай білмей жүрсің» деп өзімді біраз тұқыртып та тастады.



Жаңа жыл да өтті. Алда өмір бар, жаңа таң, жаңа арман, жаңа мұрат жылы басталды. Ақпан айы да орталай бастады. Содан бір күні көшеде кетіп бара жатқан Тахауи ағамды көрдім. Ақпанның да борандатып, қарлатып тұрған күні еді. Менің де көңілімде бір кішкентай боран бас көтеріп, алай-дүлей сезімге шақырып, редакцияға асыға жеттім. Жұмысқа келдім де «Боран» деген атпен мына жыр жолдарын қағазға түсірдім:

Шалғайы шапан – шағылдар,
Шаршаған жандай дамылдар.
Шашасын қарыс қар көмген,
Шуылдап жатыр шағылдар.
Артында мұңың қауіп бар,
Адаспай жолды тауып қал.
Жапанды жұтып барады,
Жапалақ-жапалақ жауып қар.
Батыстан бұрқап соғады,
Шығыстан шырқап соғады.
Терістен төпеп соғады,
Даланың тентек бораны.
Соғады демі қалтырап,
Сақалы мұз боп жалтырап.
Алдына ашу өңгеріп,
Аязын артқа артып ап.
Көп болды мұңы көрмедім,
Жел тимес жылы жердемін.
Жігіттің бағын сынайтын,
Ей, боран, саған шөлдедім.
Ұмыттық қалай соғады,
Аязы қандай болады.
Адал ғой бірақ әрқашан,
Даланың дархан бораны.
Қалғыған бей-жай сәтте бір,
Қарлатып алса, тәтті өмір.
Айбыны сол бір борандай,
Адамды көрдім ақ көңіл.
Басында – қардың өлеңі,
Иықта – жылдың желеңі.
Бораннан шыққан сол адам,
Бұрылмай тартып келеді.
Қарадым оған шаттанып,
Қарадым және мақтанып.
Буырыл шашы бұрқырап,
Барады Тахаң – Ахтанов.
Көңілім қалды бір өсіп,
Ашылар алдан мың есік.
Соңынан оның мөлдіреп,
Келеді көктем ілесіп.

Дәл осы өлеңімді шекесіне «Тахауи Ахтановқа» деп сілтеме қойып, соңына аты-жөнімді ғана жазып, конвертке салдым да, Кітап палатасының мекен-жайына салып жібердім. Тахаң онда республикалық Кітап палатасының директоры қызметінде болатын. Хатқа басқа бір ауыз сөз қоспадым. Қолына тиді ме, тимеді ме, одан да хабарым жоқ. Сөйтіп жүргенде 1986 жылдың наурызы да келді. Наурыз мерекесінің қарсаңында қаздай тізіліп, тағы да одақ басшысының қабылдау бөлмесінің алдына жиналдық. Бұл жолы да он бес қаралы адамбыз. Құжаттарымызды құшақтап Ахат Жақсыбаев ағамыз келді. Біздерге сұстана бір қарап алып, «тәртіп бұрынғы» деп ішке еніп кетті. Бір қолында құжаттар болғандықтан икемі келмей қалды ма, есік толық жабылмай, сәл ашық қалды. Төрде – Тахаң, оң жағында одақтың бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаев, одан кейін Тұмағаң, тағы басқалар.

– Бұл жолы мүшелікке ең бірінші болып Өтеген Оралбаев қабылданады, – деген Тахауи ағамның даусы саңқ ете қалды. Жанарым жарқ ете қалды. Өлеңім ағамның қолына тиген екен деп, көңілім өсіп, жырымды түйсініп оқып, сүйсініп шешім қабылдаған ағаның ақ жайлау көңілін қалтқысыз ұғындым. Батыр мінезді адам осылай болса керек, жақсы адамның ашуы шәй орамал кепкенше деп осындай кезде айтылса керек-ті. Тәйірі, жұрт білген нәрсені мен білмей, ағаның көңіліне кірбің салғаныма ұялып та кеттім. Ішке бірінші болып кірдім. Төрде отырған Тахауи ағаның көз қиығындағы бір нәзік сәуле күлімсіреп келіп, менің кеудеме қонды.

И если «древнетюркский» датируется памятниками VIII века н. э., то кипчакские, к которым относится казахский, возникли, естественно, позже, поскольку ни в орхонских, ни в енисейских, ни в «бумажных» текстах особенностей, скажем, казахской фонетики, морфологии не обнаруживается. Отсюда следует, что эти особенности появились позже, при освоении «более древних» огузо-карлукских лексических форм.

Во что это нелепое заблуждение обошлось казахскому языку и орфографии, я писал еще в 2002 году в книге «Тюрки в доистории». Но казаховеды ее не прочли: ни одного отклика от них до сих пор не получил.

В огузо-карлукском языке того периода ahyr – «тяжелое», bahyr – «печень», ahyz – «рот». Эти и подобные им слова надо было записать казахской латиницей в 30-е годы, и записали: awyr – «тяжелый», bawyr – «печень», awyz – «рот». Допустив, что огузо-карлукский h в казахском обязательно превратится в w. Почему? Не объяснили. При переходе на кириллицу и появились эти слова с чудовищным тритонгом, которого никогда не было в казахском языке. Мы вынуждены писать: ауыр – «тяжелый», бауыр – «печень», ауыз – «рот», хотя произносим: аур, баур, ауз…

Я писал, что гораздо объяснимей была бы иная картина развития приведенных слов. Кипчакские языки (казахский, каракалпакский, татарский, карачаевский, балкарский, ногайский) признают дифтонг au (если записать латиницей), а огузские и карлукские такого созвучия не знают. Попросите необразованного турка или узбека произнести «наука», «паук», «аут», «Кейптаун». Послушайте, как они повторят эти слова. В русском тоже только недавно стали произносить слова с этим дифтонгом. А в средние века наука – «навык», паук – «павка».

Но в XIX веке писатели вполне справлялись с произношением и написанием таких слов. Благодаря Лермонтову и Толстому, писавшим о Северном Кавказе, кипчакское слово «аул» вошло в великий и могучий литературный.

А я недавно ехал в соседний Бишкек на автомобиле и на Кордайском перевале увидел ряд палаток, призывающих чего-то отведать. И громадный плакат на шесте «Горный ауыл!». Хотели написать «горный аул», но это, как им показалось, было бы неграмотно по-казахски.

А грамотно надо считать так: aul > ahŭl > ahyl… В тех наречиях, где дифтонг не произносится, его преславивают или гортанным протетическим (ahu), или губным (awŭ), при этом губной гласный становится кратким и уже почти не произносится. Значит, не кипчаки заимствовали огузо-кар-

№11-12 (829-830), 29 naýryz, 2019
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# БЫЛИ НА АППЕНИНАХ И ОСТАВИЛИ СВОИ ТЕРМИНЫ



лукские формы с ahy и превратили их в дифтонг, а, возможно, огузы заимствовали слово au, но не смогли его произнести и прослоили медиатором? Однако для такой гипотезы фонетической логики было недостаточно. Надо найти письменно выраженные примеры с au раньше хотя бы VIII века! Но где, если других тюркских письменностей еще не обнаружено!

И все-таки я нашел.

Пусть этот словарь называется старолатинским, но он доказывал, что дифтонг au существовал в мировых языках задолго до «орхоно-енисейских» надписей: aur – «золото», aus – «рот», aul – «огражденная территория» (лат. V век до н. э.). Кипчаки побывали на Аппенинах? И не только они, но, похоже, и кыргызы: ōr – «золото», ōs – «рот», ōl – «огражденное пространство» (лат. III век до н. э.).

Латинские нормы разошлись по Западной Европе во времена Римской империи. Дифтонг сохранили немцы (Пауль), во французском произошла кыргызская реакция (Пооль), в славянских – Павл, Павел. И нигде не встречена форма с гортанным медиатором (Пахл), от которой якобы должны были произойти все остальные, в том числе и с дифтонгом.

Практика европейских языков доказывает, что aus > oos – да, возможно, но ahys > aus – невозможно! Этот и многие другие примеры доказывают, что тюркологам, особенно казаховедам, надо быть и индоевропеистами, шумерологами, египтологами, чтобы достичь правильных результатов. А пока хорошо бы обсудить хотя бы этот пример и добиться правильной передачи слов с древнейшим мировым дифтонгом au в казахском письме. Эта задача, считаю, по плечу нашему Академическому институту языкознания, куда пришел директором современно мыслящий лингвист Ерден Кожабеков. Думаю, там обсудят эту тему.

**– Вы хотите сказать, что древние тюрки побывали на Аппенинах в те времена и заимствовали некоторые латинские слова с дифтонгом «au»?**

– В этот особый момент перед Вторым конгрессом действительно хочу заявить, что тюрки не побывали, а были на Аппенинах в первом тысячелетии до н. э. несколько раньше латинов, а потом и вместе. И оставили немало своих терминов в тогдашнем латинском. Без тюркских словарей происхождение многих латинских слов установить невозможно. Вот и предлагаю нашим тюркологам поработать на этом поле хотя бы до мая.

**– Почему до мая?**

– В мае Центр сближения культур планирует провести в Туркестане конференцию с приглашением тюркологов из ближнего зарубежья. Тема конференции «Тюрки в Древнем мире». Это будет хорошая разминка перед Вторым конгрессом. Направление поисков определено, и если мы соберем больше примеров, доказывающих, что кипчаки и булгары в первом тысячелетии до н. э. были в Средиземноморье, когда огузы и карлуки уже находились на Дальнем Востоке, то определится и вопрос о «западно-тюркском письме». Не выдержав давления латинов, расширявших Римскую империю, часть булгаров и кипчаков дошла до Балкан и осела там. Другие прошли дальше на восток, основали Великую Булгарию, которая существовала до VII века н. э. Откуда пришел в Болгарию ее основатель хан Аспарух, в легендах и письменных источниках не говорится. Как и про то, что балканские булгаро-кипчаки воевали с Византией, которая внедряла православие в Восточную Европу. С тех пор в латинском появилось название восточных варваров – saracin. Сарацинами называли всех мусульман – арабов и тюрков, в конце концов добившихся Византию (Восточно-Римскую империю) и занявших всю Малую Азию.

Первое значение слова saracin характеризует политическую и воинскую активность булгар в войне с Римом, продолжавшейся столетиями. Этимологию этого слова не считаю своим шедевром, потому что в русско-чувашский словарь мог заглянуть любой лингвист, но не заглянул, понятно почему: маленькая народность – чуваши – наследники некогда могучего тюркоязычного этноса – булгар? В «Русско-чувашском словаре» В. Г. Егорова (1960 г.) çараçин – «воин» (чув.). В словаре не указано, как читается ç (ч или ц), но зато можно понять морфологию этого сложного слова: çар – «войско», çин – «человек». Так создавались первоиероглифические сложные слова при слоговой письменности. Нетрудно объяснить, почему в латинском это слово передалось в форме saracin: шипящих нет ни в латинском, ни в греческом и букв, обозначающих шипящие, нет в их алфавитах.

Об известности сарацинов в Средневековье можно судить по картам Восточной Европы. На Украине до сих пор сохраняются названия местностей сел и городов – Сорочины, Срачины… Гоголь прославил одно из таких имен – «Сорочинская ярмарка». Да и название рубашки могло исходить из названия кольчуги особой вязки – сорочка, сорочинка…

Такие же лингвистические следы в европейских языках и в языках Древней Передней Азии оставили для нас огузы, карлуки, кыргызы и кипчаки. В языках и письменностях. Но тюркология в эти регионы не заглядывает, ибо твердо знает, что тюрки произошли в монгольских степях в начале нашей эры и не раньше! «Сначала там как-то образовались языки огузов, кыргызов, карлуков, а потом от них в центре Евразии произошли кипчакские и булгарский. Это же ясно!»

**– Но какие следы могли оставить тюрки, например, в европейских алфавитах?**

– Допустим, булгаро-кипчаки пришли на Балканы со своим письмом и основали Болгарию. В IX веке Болгария вынуждена была принять христианство, алфавит пережил греческую редакцию: иначе «Священное писание» народ не прочтет. Большинство букв заменили греческими. Но некоторые пришлось оставить. Прежде всего шипящие, которых в греческом, естественно, не было. Чем отличались тюркские языки от европейских, семитских и всех других? Звуки (фонемы) в тюркских языках делились на две категории – твердые и мягкие. Этот дуализм использовался в грамматике. И поэтому буквы в нынешних тюркских алфавитах повторяют такую парность – буквы для твердых звуков и для мягких.

Также было и в первом известном нам тюркском алфавите – орхоно-енисейском. Мягкие создавались там тремя способами. Самый очевидный – чертой мягкости, добавляемой к твердой букве:

В индоевропейских языках звуки подразделялись не по качественным признакам – твердость, мягкость, а по количественным – краткий, долгий. Зачастую в разных письменностях использовался служебный знак «черта книзу», но с разным значением. Например, в древнеперсидском (авестийском) алфавите:

Какие тюркские буквы остались в кириллическом алфавите? Слависты не задавались этим вопросом, вполне понятно почему. Я считаю, что надо приглядеться к паре букв для шипящих: Ш и Щ. Чем мягкая отличается от твердой? Чертой мягкости! Менее очевиден этот знак, направленный всегда вниз в букве З – «земля». По названию явно мягкая, но какой была твердая? Думаю, что твердой когда-то была греческая Z – «зэта». От нее и создали мягкую Ƶ – «земля».

Но, стремясь сократить количество знаков алфавита, приблизить его к греческому образцу (чуть более двух десятков букв), письмотворец оставит от пар по одной букве, но универсализировав их значение. Так, «земля» стала употребляться как мягкая и твердая, что соответствовало фонетическому строю славянских слов: во всех европейских словах могут сочетаться звуки разного качества. Только в тюркских – одного: или все твердые, или все мягкие. Поэтому, думаю, от пары Z – *(рис. 1)* осталась одна *(рис .1)*, выполняющая универсальную функцию.

Эта догадка позволяет продолжить и находить новые универсальные буквы в кириллице:

Можно еще и еще находить тюркские буквы в кириллице, но пока остановлюсь на следующей, которую считаю уникальным доказательством именно кипчакско-булгарского письма. В орхоно-енисейском есть буква Ⱨ - «твердый звонкий согласный – ƨ» (он соответствует арам. H – het). Но мягкой нет. В кириллице появляется Ⱨ – «ж». В славянских «ƨ» при смягчении превращается в «ж» (берег, но побережье).

Почему в орхоно-енисейском алфавите не появилась буква Ж? Потому что такого звука не было в огузских и карлукских языках. Он отчетливо выступает только в кипчакских: jaryk – «ярко» (огузо-карлук.), жарык – «ярко» (каз.).

В русский вместились обе формы «ярко» и «жарко» как взаимодополняющие характеристики священного объекта: jar (огузо-карлук.), жар (каз.) – одно из ранних названий солнца. В русском от jar произошли «ярость», «яриться», т. е. накаляться, а от кипчакского – «жар», «жарко», «жарить».

Если вглядеться в слово, оно расскажет, когда и где возникло. Эти возможности требуют от лингвиста быть сведущим в грамматике и истории других языков.

В Древней Передней Азии (Вавилонии) в III–II тысячелетиях до Рождества Христова в ходу было слово īl – «бог» (древнесемит.). Известен и вариант – iloh. Слово это как детерминатив обозначало имена богов: их было много до возникновения единобожия. Некоторым именам удалось продолжиться в иудаизме и христианстве – Гавриил (Гаврило), Михаил (Михайло), Самуил и др.

Одного возраста с приведенными и древнерусское Ярило – «бог солнца», этимология которого (*jar-iloh – «солнце-бог») доказывает его огузо-семитское происхождение в Древней Передней Азии. В названии солнца отпечаталась и форма знака солнца, которому поклонялись тюрки, – ʘ jar (žar) – 1) «солнце»; 2) «расколи пополам». Отсюда производные jarym (žarym) – «половина» и в другое время созданные jarty (žarty) – «половина».

Но о знаках солнца поговорим в другой раз, хотя и эта тема должна быть поднята до конгресса.

**– В двух словах – о творческих целях и планах.**

– Если бы этот вопрос мне был задан несколько десятилетий назад, ответил бы менее определенно. Сегодня основная цель у меня одна – успеть систематизировать и записать то важное, что я обнаружил, открыл за полвека изучения первых письменных знаков и первых слов Человека Мыслящего, без чего не смог бы понять происхождение первых культов и поздних религий (иудаизма, христианства, ислама). Не смог бы установить генезис шумерских иероглифов и древнетюркских письменностей (восточной и западной), а значит, и даты существования письменной культуры древних тюрков (IV тысячелетие до н. э. – до IX века н. э.).

Сознаю, что доказательства этого факта пока накоплены только в моей памяти. Осознание такой ответственности заставляет более экономно расходовать время. Что не всегда удается, к сожалению.

**– Надо бы уделять время не только древности, но и современной истории. Как Ваш постоянный читатель и современник, говорю: Вы обязаны написать мемуары. Никто из казахских писателей не встречался, не разговаривал с такими великанами XX века, как Нельсон Манделла, Индира Ганди, и многими другими! И в событиях каких участвовали!**

– Добавь пяток-другой лет, и напишу. Обещаю!



**Тлеужан ЕСИЛЬБАЕВ**
***(в сокращении)***

# ДОС туралы жыр

## (ЖАЗУШЫ ҚОҒАБАЙ СӘРСЕКЕЕВТІҢ ТУҒАНЫНА – 80 ЖЫЛ)

**Ол екеуміз сонау өткен ғасырдың 50-ші жылдарында Қостанай облысынан келіп, Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) қатар оқыдық. Қоғабай (Сәрсекеев) журналистика факультетінде, мен экономика факультетінде. Сол кездегі студент жастардың дәстүрі бойынша әрбір мерекелерде,туған күндерде жерлестер бас қосып тұратынбыз. Мен сол кездегі Семиозер (қазіргі Әулиекөл) ауданындағы қазақ орта мектебін, Қоғабай ежелгі Торғайдағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебін аяқтағанбыз.**



Менің мектепті бірге бітіріп, КазГУ-дың экономика факультетінде бірге оқыған досым академик Кенжеғали Сағадиевтің туған жері – сол ежелгі Торғай ауданы еді. Мінеки, Қоғабай екеуміздің танысып-білісуімізге сол Кенжеғали дәнекер болды.

Жастық шақта әркімде өзінің «Мен» деген намысы болады. Сондықтан да, біз балалық шақтағы қиындықтарымыздан сыр шерте бермейтінбіз. Бертін келгенде, әбден етене танысып, араласып кеткен соң ғана Қоғабайдың да балалық шақта жетімдікті қатты сезінген жігіт екенін білдім.

Бірде ол былай деді: «Сағындық, мен неге екенін білмеймін, барлық жетістігіме сол кезенде жетсем де, Кеңестік дәуірдің енді қайта келмеуін тілеймін. Білесің бе, мен де өзің секілді жетім өскен бала болдым. Әкем майданнан оралған жоқ. Ал, анам болса қорада қамауда тұрып, әлдебір себептермен өртеніп кеткен колхоздың қырық бұзауы үшін түрмеде отырыпты. Жаңа туған мені анамнан айыруға батылы бармаған өкіметтіктер анаммен бірге қамапты. Сөйтіп, ана сүтінің дәмін түрмеде татқан екенмін. Аталарым жаңа қоғамдық биліктің қалауымен итжеккенге айдалған екен. Осындай жағдайды бастан кешкен сәбидің 3 жасында соғыс басталып, ол бақандай 4 жылға созылса, 7 жасқа дейін қандай қуқайды көргенімді енді өзің түсіне бер. Сол түрме мен сол соғыстың жарасы тәнімде болмағанмен, жанымда сақталған секілді».

Осыны айтқан досым ауыр күрсінді. Бұл – соғыстың жетімегі маған ерекше танымал көрініс. Сондықтан да, арқамнан сұм заманның қамшысы осып өткендей әсерде қалдым.

Қоғабай Сәрсекеев – бастапқыда колхоз заманындағы ауыл өмірін әңгімелері мен повестеріне өзек еткен жазушы. Оның бұл тақырыпты таңдауына да жоғарыдағыдай жағдай себеп болған шығар.

Қарымды қаламгер көзі тірісінде 21 ұстанымды жазды. Соның бірінде жазушы былай деген екен: «Қазақ, Президентіңді, Туыңды, Әнұраныңды, Елтаңбаңды қастерле! Бұлар – сенің Тәуелсіздігіңнің тірегі. Тәуелсіздіктен асқан бақыт жоқ. Тәуелсіздігіңді баянды ет!».

Мұндай ұстанымға не алып-қосуға болады?! Біздінше, «Ақылдыдан шыққан сөз, талаптыға болсын кез», – деген Абайға төрелік беруден басқа ештеңе қалмаған секілді.

Бірде Қоғабай:

– Абайдың бес дұшпанын білесің бе? – деді.

– Білмегенде ше, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ, – деп тақпақтай жөнелдім.

– Сендер – экономист-ғалымдар «тұрмыс жақсарса, бәрі де түзеледі» деп сөйлейсіңдер. Ал, Абай «тамағы тоқтық, уайымы жоқтық, аздырар адам баласын» деп кеткен. Ендеше, мен бүгінгі қазақта кешегі қазақтан гөрі дұшпан көп пе деймін. Бұрынғы Абай атаған бес дұшпан әлі сақталған. Оған мен тағы толып жатқан дұшпан тұсымызды қостым. Бұған қалай қарайсың? – деп бетіме қарап алды.

– Баянда, – дедім.

– Абайдың кезінде тіліміздің қаймағы бұзылмай тұрған еді. Қазіргі ұрпақтың біразы одан айырылды. Ол кезде дініміз бар еді. Жетпіс жылдық коммунистік билеп-төстеу санамызға «құдай жоқ» деген сөзді сіңірді. Егеменді ел болсақ та, дініміз қайта оралып, жер-жерде көптеп мешіттер салынып жатса да, ортамызда атеистер әлі жүр. Абайдың заманында бүкіл осы Қазақстан жерінде біртұтас ислам діні үстемдік құрған. Ал, қазір осы егеменді елімізде исламның өзінің бірнеше тармағы бір-бірімен күресіп жатыр. Демократия деген желеумен Қазақстанға еніп кеткен мүлде жат діни ағымдардың санын есептеп шығу қиын. Бесік жырын айтатын ана азайды. Бөбектің қолында «Барби» қуыршағы. Осылардың бәріне қоса капитализм заманында өмір сүріп жатсақ та, санамыз социализм дертімен әлі ауырып жүр. Бәріміз билікке өкпелейміз. Өз бетімізше күн көруге талпынбаймыз. Жеріміздің байлығы қаншалықты ырысымыз болса, соншалықты сорымыз да болып бара жатыр. Қазақ жалқауланып жүргенде, алыс-жақын шетелдіктер байып жатыр. Мінеки, осыларға қынжыламын, – деп Қоғабай ауыр күрсінді.

Мен де жер шұқылағандай күй кештім.

– Енді жағдай осылай болып тұрғанда сен сияқты қаламгерлер бірдене деулерің керек қой, – дедім біраздан кейін.

– Иә, солай істеу керек. Сондықтан да мен бүгінгі және болашақ қазақ ұрпағы үшін 21 ұстанымды қағазға түсірдім, – деді де Қоғабай сол ұстанымдарын тізбелеп айта жөнелді.

Есіме Абай бастаған қазақ зиялыларының еңбектері түсті. Бұл жолы мен Абайдың айтқандарын тізбелеп жатпай-ақ қояйын. Кешегі Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай секілді алыптар шоғыры да дәл осылай сөйлеген еді. Ендеше, досым Қоғабайдың бұл талпынысы да құптарлық еді.

Әркім өз күн көрісін күйттеп кеткен мына заманда дос-жаранды сирек кездестіретін болдық қой. Қоғабаймен де солай анда-санда бір кездесіп қалатынбыз. Сондай бір жолығысулардың бірінде ол өз басынан өткен мынадай бір оқиғаны баяндады: «Сағындық, мен бір оқырманыма мүлде түсіндіре алмадым. Әдеттегі жазушының оқырманымен кездесуі ғой. Сонда бір оқырманым менен «Сіз байсыз ба?» деп сұрады. Мен ортадан жоғары күй кешіп жатқанымды айттым. Солай болса да оқырманым сенбеді. Мен: «Жақсы кітапханам бар, байлығым – сол», – дедім. Ол сенер емес. Мен: «Абайды, Алаш арыстарын көп оқимын, байлығым – солардың айтқандары», – дедім. Ол ертоқымын бауырына алып тулаған асаудай: «Жәй, фәлсапа ғой мұныңыз», – деді. Сонан соң «Елім егеменді, халқым тәуелсіз болды, менің ең мол байлығым – осы», – дедім. Ол бұл жауаптан да теріс айналды. Мінеки, мен осылайша бір оқырманыммен түсіністік таба алмадым. Ал, Абайдың байлықтың көбі ғылымда, яғни кітапта деп кеткені белгілі. Данышпанымыздың бұл ойы оны қанағаттандырмайды. Кешегі Алаш арыстары елдің егемендігі, ұлттың тәуелсіздігі үшін жанын пида еткен жоқ па?! Соған олар қол жеткізе алмай, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген шақта, мұны, шамасы кейбіреулер бақыт пен байлықтың бастысы дегісі келмейді. Сонда қалай?».

Осылай өз жанын жаралаған сұрақтың жауабын менен күткендей досым ұзақ үнсіз қалды. Мен оған не дейін?! Менің пікірімше, елдің экономикалық дамуы, халықтың тұрмыстық жағдайының тәуірлеу болуы – ұрпаққа оң әсер етуі тиіс. Данышпан Абайымыз кеше ғылымды іздеу керек десе, жағдайы жақсарған мемлекетіміз бұған толық жол ашып отыр. Қазақтың бәрі сауатты. Ғылымымыз әлемдік деңгейден төмен дей алмаймыз. Ал, Қоғабайдың айтып отырғаны мынау...

Үнсіздікті Қоғабайдың өзі бұзды.

«Бұдан бұрынырақта «Қазақ» деп аталатын газеттің шығып тұрғанын білесің. Ендігі ойым, баяғы Ахаң бастаған Алаш арыстарының XX ғасырдың басында шығарған «Қазақ» газетін жаңғыртып, сол алыптардың мұраларын насихаттау еді. Солай жасап та келемін. Алаш арыстарының еңбектеріне талдау жасаған танымдық бірнеше кітаптар да шығардым. Бірақ, бұларым аздық ететін секілді. Бүгінгі ұрпақ менен және мен секілділерден көпті қажет етіп тұрғандай. Әрине, олар ақша сұрамайды. Сұраса да, мен олардың бәрін бірдей асырай алмаймын ғой. Демек, оқырманымның санасына қозғау салу ісін қолға алуым керек. Абайдан бастау алатын алдыңғы ұрпақтың зиялы қауымы түгелдей дерлік өз заманының қалың бұқарасындағы «сананы ояту» ісімен айналысқаны белгілі. «Оян, Қазақ!» дегенді бұл күндері кейбіреулер біржақты түсіндіріп жүр. Иә, олардың түсіндірулері де «Оян, Қазақ!» деген ұғымның ішіне енеді. Мұндағы ұғым тым ауқымды. «Әлемнің өзің секілді көп ұлты алға озып кетті, біз соған жетуіміз керек. Өмір сүру, ғылым қуу, ойлау, еңбек етуде өзгерістер жасауға тиіспіз. Ұлттық сілкініс керек», – деп тұрған секілді. Құдайға шүкір, егеменді еліміз жыл озған сайын жағдайын жақсартып келеді. Бірақ, біздің қазақта әлі де болса, «Ананың байлығы қайдан шыққан?» деу басым. Ал, менің ойлауымша, керісінше «Мен ешкімнен, француздан да, ағылшыннан да, жапоннан да, қытайдан да кем емеспін ғой, ендеше соларша өмір сүрейін», – деп талпыну керек. Мұны көбіміз ойлап жатпаймыз. Мен осыған қынжыламын. Ұлттық менталитетіміз өзгеруі керек. Әлі күнге дейін «Өкімет асырауға тиіс» деген санамен келе жатырмыз. Ал, мына қоғамда Өкімет тек қана заң шеңберінде жағдайыңды дұрыстауға жол ашып беруші ғана екенін түсінбейтіндер қатары көп. Мінеки, мен осы мәселелерді түсіндірумен айналыссам деймін. Ұлттың ұстазы Абаймен Ахмет Байтұрсыновтардың айтқандарын жаңа заман сұранысына сай халқыма жеткізсем, менің арманым жоқ», – деді.

Досымның бұл сөзі маған үлкен ой тастады. Ұзақ уақыттан бері ежелгі «Қазақ» газетін қайта жаңғыртқан және оны сырттың көмегінсіз өз қаражатына шығарған Қоғабайға сырттай риза болушы едім. Ал, мына ойы менің көкейімнен шыққандай болды.

Иә, біз егеменді, нарықтық қоғамдағы ел болып дамып бара жатырмыз. Бірақ, осының бәрін беріп жатқан макроэкономика. Ал, ежелден нарықтық қатынастағы мемлекеттерде еңбекке жарайтындардың бәрі кәсіпкер. Ең өкініштісі, Кеңестік әлеуметтік-экономикалық құрылым көпті бергенімен, ұлтымыздан көпті де алыпты. Айталық, біздің аналарымыз бен әжелеріміз, әкелеріміз бен аталарымыз жүннен, теріден тоқылып, тігілетін дүниені сатып алмайтын. Жүн, теріні өңдеудің талай тәсілін білетін.Ал, біздің замандастарымыз сол ата-аналарымыз білген кәсіпті білмейтін болып шықты. Жүн мен теріні Қытай мен Түркияға жөнелтіп, ол жақтан өзімізге қажетті дүниелерді сатып алып жатырмыз. Бұл арада ұлтымыздың ұтылысы миллиардтаған доллармен есептеледі. Қоғабайдың ойын содан да толық қолдадым.

Бүгінгі ұрпақты тәрбиелеу, оқыту – тым ауқымды іс. «Бұл іс мектептегі немесе жоғары оқу орындарындағы бағдарламаларда өтсе болды – игеріледі» деп ойлау мүлде ағаттық. Қазіргі ашық есік жағдайындағы нарықтық қоғамға енген Қазақстанға әлемнің жақсысы да, жаманы да келіп жатқаны рас. Міне, албырт жас осының жақсысы қайсы, жаманы қайсы екенін пайымдай алмайды. Ендеше, бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдары толығымен ұлт тәрбиесіне жете көңіл бөлсе, көптік етпейді.

Жазушымен 50 жылдан астам уақыт дос болғанымды жоғарыда айттым ғой. Бүкіл ғұмырдың осынау ұзақ үзігінде біз талай сырласқан шығармыз. Қоғам, өмір жайлы оның талай-талай тұщымды толғауларын тыңдағанмын. Солардың бәрін қағазға түсіру мүмкін емес.

Қазақ өз өмірін жырмен өрнектеген халық. «Елім-ай» деп аңыраған да кез болған. «Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім» деп те толғанған бұл қазақ. «Жас Қазақ марсельезасын» айтып өстік. «Жас Қазақ, мұрттай ұшты уралап» деп шамырқанған Жүсіпбек Елебековтің дауысы естен кетпейді. Бұл күндері «Менің Қазақстанымды» ән ұранға айналдырдық. Оның да өз жөні бар. Солай бола тұрса да, уақыт озған сайын гүлдене, жағдайы жақсара түскен Қазақстанның, қазақтың бұл күндері жаңа «жыры» басталған секілді. Оның салмағы тым ауыр. Әлемге, адамзат қоғамына тығыз интеграцияланған Қазақстан мен оның шаңырағын көтеруші қазақ халқы үшін ең бір сыни шақта тұрған секілдіміз. Елімізге адамзат қауымдастығының көш бастаушыларымен бірге, қатар дамытатындай небір озық ойлар мен өндірістік жаңа технологиялар еніп жатыр. Солармен бірге жан-жағымыздағы материалдық және рухани азғындық тарататын дүниелер де ілесіп келуде. Осылардан жақсысын алып, жаманын тастауға сенгіш, еліктегіш қалың бұқараны кім үйретеді? Әрине, ел қамын, ұлт жағдайын ойлайтын зиялы топтың бұл істе бірлесе еңбектенгені жөн. Әйтпесе, жоғарыда айтқанымыздай «Абайдың дұшпанынан» біздің дұшпан тым көп болып тұр. Міне, осыны дер кезінде көре білген Қоғабай досыма бұрынғы қай кездегіден де аса ризашылықпен қарайтын болдым.

Тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтай отырып, бүгінгі және болашақ қазақ ұрпағы адамзат қоғамында қазақ болып, ары да, ағзасы да таза ұлт болып, алыс болашақтарға самғай берсе екен деген ұстаным – баршамыздың ортақ тілегіміз болса және бұл ортақ тілекті жүзеге асыруға баршамыз болып жұмылсақ, сонда ғана ертеңгі күнге сенуге болатын секілді.

**Сағындық САТЫБАЛДИН,**
**ҚР ҰҒА академигі,**
**экономика ғылымының докторы**

Құрал | Торбиелі (син.) | 4 | Жын

Етік бөлігі | ... Роллан | Әскери жарғы | Қуаң жер | Ат жабдығы | Галерея

Тартысар (син.)

Эконом | Хауа (орысша) | Тува ауылы | Нескуик | Шри-...

Лайма ...

...-теңіз | Ождан | Қырғыз ауылы | Филиппин жанартауы | Қарин | Кісі есімі | Асбериак

... Конг (маймыл) | Екеуара

Алапат (син.) | Физ. термин | Ықылас | Муз-қ термин | Үйым | ...-үсігіс | Франция ақшасы

Икар әкесі | Жел соғар (син.) | Тұрақ | Лезгинка ұраны | Теңдік

Ирек | Үстел | Кавказ елі | Жылқы түрі | Қорғаушы (син.)

Жазық өңір | Кіру (син.) | Құмарлық | ... Ши Мин | Сипа

2 | Ине сияқты (син.) | Тамақ режимі | Қырғызша жыр | Шетел көлігі

Қамбар батыр жары | Темекі маркасы | Киев | АҚШ штаты | Ағза сұйығы | 1

Ер-.... | .... Горбачева | Аяулар | Белес | Түс | Дюйм бөлімі

Скрипка шебері | А. Әлтаев, М. Қосымбаев | 3 | Таса | Жапон күресі | ...-Лумпур | Асыл тас өлшемі

Қызанақ сорты

Ең ұзын тау | Қыз ... (ойын) | ... Ата | Жүн

Бамако | Зер

Қытай философы | 3-ші жақ | ...-сенім

Шер | Мұхаммед ...






Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*Бір күні алтын балық өз еркімен арыз жазып жұмыстан шығып кетіпті. Бүкіл балықшылар Жайықтың жағасында отыр. "Сен ұстап жеп қойған жоқсың ба?" – деп бір-бірінен сұрайды екен. Олар "жоқ, жоқ" деп су астына сүңгуір адамды жіберіпті. Сүңгуір адам үш сағат іздеп алтын балықтың үйін тауыпты. Сөйтсе Алтын балық жаман киім киіп алып, қараңғыда жүр екен.*

*Сүңгуір адам:*

*– Ей, жұмыс қайда? – десе, алтын балық:*

*– Біржолата кеттім, – депті, сөйтсе сүңгуір адам: – Өй, неге өйттің? – десе, алтын балық:*

*– Жалығып кеттім қазақтардың несиелерін жаба беріп, – деген екен.*

***

*Бір шал «Зопорожецпен» келе жатып джиппен түйісіп қалыпты. Джиптен дәу бір жігіт жынданып шығып:*

*– Ей, шал мынауың не? Орнына басқа джип алып бересің!*

*– Оу, балам ренжімеші, байқамадым ғой, қазақпыз ғой.. Кел бір-екі шыны шәй ішейік...*

*Шал «Зопорождың» ішінен бір ескі шәйнек алып шығып, сипап жібереді. Сөйтсе шәйнектен жын шығыпты. Шал:*

*– Жын, шәй құй – депті.*

*– Бір секунд, – деп жын шәй әкеліп беріпті.*

*Бәрін көрген джиптағы жігіт:*

*– Ойбай, ата, машинамды жөндемей-ақ қой, шәйнекті берші.*

*– Балам бере алмаймын, ата-бабадан қалған мұра.*

*– Ата, машинамды, үйімді, бизнесімді берейін, шәйнекті берші.*

*– Қоймадың ғой, жүр ендеше, нотариусқа барайық, – депті шал.*

*Нотариус арқылы құжаттарды шал өз атына аударып алып, джипке отырып кетіп қалыпты. Ал қуанған жігіт шәйнекті сол жерде сипап жіберіп жынды шақырыпты, шәйнектен көк түтін болып жын шыға келіпті.*

*– Ал жын, енді сен менің машинамды, үйімді, бизнесімді қайтар!*

*– Ренжіме, «братан», мен бір шыны шәй жасауды ғана білемін! – депті жын.*

№10 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы



**Танымал ESPN телеарнасы (АҚШ) әлемдегі ең танымал 100 спортшының жаңарған рейтингін жариялаған еді. Бұл қатарда отандасымыз Геннадий Головкин де бар.**




# ГОЛОВКИННІҢ ЖАРНАМАДАН ТАБАТЫН ЖЫЛДЫҚ ТАБЫСЫ ҚАНША?

Былтыр қазақстандық былғары қолғап шебері 61-орында болса, биыл 17 саты төмендеген. Американдық футбол жұлдыздарының бірі Рассел Уилсоннан кейін 78-орында тұр.

Ең танымал спортшылар рейтингі жылдық табысы, жарнама агенттіктерімен келісімшарттары, әлеуметтік желілердегі жазылушылар саны мен іздеу жүйелерінде (google, yandex, т.б.) есімдерінің көп сұралуы бойынша түзілген.

Рейтингте спортшылардың жарнама келісімшарттары бойынша түсетін табысы да көрсетілген. Телеарна ақпарат бойынша Геннадий Головкин жарнама арқылы жылына 2 миллион доллар табысқа кенеледі екен.

Өткен жылы Генаны төрешілер шешімі бойынша ұтып кеткен мексикалық Сауль Альварес ең танымал спортшылар арасында 68-орында тұр. Оның жарнама келісімшарттарынан табатын жылдық табысы 2,5 миллион долларды құрайтыны жазылған.

Ең танымал спортшылар рейтингін футболшы Криштиану Роналду бастап тұр. Екінші орынға баскетболшы Леброн Джеймс орналасқан. Үздік үштікте – футболшы Лионель Месси. Жарнама бойынша ең көп қаржыны Леброн Джеймс иемденеді екен. Оның осы саладан түсетін жылдық табысы - 52 миллион доллар. Одан кейінгі орындарға гольфшы Тайгер Вудс пен баскетболшы Стефен Карри орналасқан. Олар жарнамадан жылына 42 миллион доллар табады. Танымал швейцариялық теннисші Роджер Федерер болса жылына жарнамадан 41,5 миллион доллармен қаржысын молайтады.

*massaget.kz*

**Ольга ДЕМИДОВА:**

# ӘЛЕМНІҢ БАРЛЫҚ ӘДЕМІЛІГІ ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЕТПЕЙДІ

**Ерекше мамандық иелерінің бірі де бірегейі – цирк артистері десек ешкімнің талас тудырмасы анық. Таңғажайыпқа толы цирк өнерін өмірлік серік еткен жандардың көрерменді таңқалдыру үшін қандай жанкиярлық ерлікке баратындығын біріміз білсек, біріміз біле бермесіміз белгілі. Осынау болмысы бөлек бекзат өнерді бағындырған кейіпкеріміз – акробатикадан спорт шебері Ольга Демидовамен сан қырлы да, сиқырлы цирк әлеміне бірге саяхаттап қайтқан едік...**



**– Ольга Қазақ циркінен бастау алған осы саладағы еңбек жолыңыз атыңыздың халықаралық деңгейде танылуына түрткі болды. Цирктегі ең алғашқы жеңісіңіз есіңізде ме?**

– Мен он жеті жылымды спортқа арнадым. Яғни, жастық жалыным мен күш-жігерімді осы салаға жұмсадым. Кейін ойлана келе шығармашылық тұрғыдан өз-өзімді дамытуды қолға алдым. Сөйтіп 1993 жылы Қазақ циркінің табалдырығын аттадым. Көп ұзамай штатқа қабылданып, қыздардан құрылған топпен бірге еңбек ете бастадым. Өзім акробатикадан спорт шебері болғандықтан, цирк маған аса бір қиындық туғызған жоқ. Қытайда өткен 5-ші халықаралық Научао фестивальіне қатысып, қола медальді жеңіп алдық. Бұл біздің цирктегі алғашқы жеңісіміз еді.

**– Айтыңызшы гастрольдік сапармен және жұмыс барысымен әлемнің қай елдерін араладыңыз? Сізге ерекше ұнаған ел туралы әңгімелеп берсеңіз?**

– Бірқалыпты жұмыс ырғағы жалықтырып жібергендіктен, түрлі бағытта арнайы нөмірлер қоюды қолға алдым. Акробатикалық дует ретінде өнер көрсеттік. Сонымен қатар, әуе гимнастикасы бойынша «Бамбук» атты арнайы нөмір әзірледік. Өнерімді тамашалап, қайран қалған СССР-дің Халық артисі, аты әлемге мәшһүр цирк артисі Юрий Никулин мені Ресейге шақыртты. Сөйтіп Никулин циркінде табаны күректей алты жыл еңбек еттім.

Қайта Қазақстанға оралып, Валентин Гнеушовтың жетекшілігімен нәтижелі еңбек еттік. Сөйтіп, Жапония, Қытай сияқты әлемнің көптеген елдерін гастрольдік сапармен араладық. Ауызбен айтып жеткізе алмас түрлі кереметтерге куә болдық. Бірақ әлемнің барлық әдемілігі біздің ортақ отанымыз – Қазақстанға жетпейді. Маған айрықша ұнайтын ел ол – өзімнің ауасын жұтып, суын ішіп жүрген, туған елім – Қазақстан деп мақтанышпен айта аламын. Өйткені, Қазақстан ешкімді жатсынбай, бар ұлттың баласын бауырына басқан көпұлтты мемлекет. Қаншама ұлттың өкілі ынтымақ пен бірлікте бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүріп жатқанымыздың өзі Тәуелсіз Қазақстанымыздың арқасы деп ойлаймын. Қазақ халқының дархан даладай пейілі мен ақ көңілін, досқа қашан да ашық қонақжайлық қасиетін ерекше бағалаймын! Бір-бірімізбен етене араласатын қазақ достарымыздың көптігі көңіл қуантады.

***– Жалпы циркте жұмыс істеу қаншалықты қиын?* Цирк артисінің бойынан қандай қасиеттер табылуға тиісті?**

– Әрбір мамандықтың артар жүгі жетерлік. Дегенмен, цирк артисі болу дегеніңіз – белгілі бір уақытта кабинетке келіп, компьютермен жұмыс істеп қайтатын офис қызметкері емес. Бұл құдды бір әскерилер іспетті темірдей тәртіпті талап ететін мамандық. Денені шынықтыратын манеж үстіндегі жаттығулар, ауада тартылған жіп үстіндегі әртүрлі қимылдар: мұның барлығы біздің күнделікті бетпе-бет келетін ісіміз. Сақтандырусыз қиын трюктерді жасай отырып – көрерменге күлімдеп қарау да – біздің басты міндетіміз. Өзімді жанкиярлық ерлік жасап жүрмін деп есептемеймін. Дегенмен, сәт сайын тәуекелге бел бууға тура келеді.

Егер де сенің өнер көрсететіндігің туралы алдын ала хабарландыру жарияланып қойса, ауырып қалсаң да, басыңа қандай да бір жағдай туындаса да, ештеңеге қарамастан, сахна төрінен табылуға тиіссің. Өйткені, бұл халықтың өнері. Өнердің иесі де, киесі де – халық. Сондықтан, мойныңа артылған жауапкершілік жүгін сезінуге тиіссің.

**– Қазақ циркінің кішкентай жұлдызы, қызыңыз – Анастасия үшін де алаңдайтын шығарсыз?**

– Мүмкін мен басқа саланың маманы болғанда қызым цирк сахнасының көгінде құсша самғап жүргенін көргенде, тыпыршып бір жерде отыра алмас па едім. Бірақ қызымның жаттықтырушысы ретінде оның сахнадағы әрбір іс-әрекетін жетік білетіндіктен алаңдай бермеймін. Тек берілген тапсырманы тиянақты орындауын ғана талап етемін.






**– Әдетте өнерде жүрген жандардың басынан қызықты жәйттер жиі өтіп жатады ғой. Естен кетпес бір оқиғаңызды айтып беріңізші...**

– Естен кетпес оқиғалардың бірі – Украинаға гастрольдік сапармен барған сәтіміз еді. Қонақүйден шығып, біздің ұжым өнер көрсететін тау бөктеріне тігілген «Шапитоға» асығып келе жатқан бетіміз еді. «Шапито» – өздеріңіз білетіндей, діңгек тіреулермен тұрғызылған, жиналмалы шатыр түріндегі театр ғимараты.

Сол кезде не себепті кешіккеніміз есімде жоқ. Бірақ дайындыққа үлгере алмадық. Біз жақындап қалған кезде кенеттен алай-дүлей дауыл соғып, «Шапитоны» көз алдымызда тас-талқан етті. Егер де дер кезінде барғанымызда аман қалмас па едік, кім білсін?! Мейірімді Алланың құдіретіне қалай ғана қайран қалмайсың? Көрер жарығымыздың болғаны үшін де әлі күнге дейін шүкіршілік айтып отырамын.

**– Күнделікті дайындықтың да шаршататын кездері бар шығар...**

– Шаршаймын дей алмаймын. Өйткені цирк – менің өмірім. Шынымды айтсам, цирксіз өмірімді елестете де алмаймын. Керісінше циркте «азабынан» да ғажабынан да ләззат аламын.

Дегенмен, пендеміз ғой, кейде күнделікті күйбең тіршіліктің жар бермей қоятын кездері бар. Сондайда: «бүгін жаттығуға бармай-ақ қояйықшы» деймін Анастасияға. Ол: «Жоқ мама, қалайда барып дайындалуымыз керек» деп бірде-бір мезетті қалт жібермеуге тырысады. Осылайша цирк біздің өмірімізге айналды.

**– Цирктегі еңбек өтіліңізге бүгінде 25 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында Демидовтар династиясын қалыптастырып та үлгердіңіз... Ізіңізден ерген ізбасарларыңыз туралы айтып беріңізші...**

– Жиеним Анна Демидова екеуміз бірге өнер көрсеттік. Оны да кішкентайынан циркке өзім баулыдым. Ол эквилибр жанрын меңгерді. Анна бір қолына сүйеніп тұрып, көкке көтерілген екі аяғымен садақ ататын мерген. Әрі көздеген жеріне дәл тигізе біледі. Әрі бұл әдісті қолданатындар әлем бойынша өте сирек кездеседі. Сондықтан, ол шет мемлекеттерді өнерімен тамсандырып, Жапония, Якутия, Мәскеу және т.б көптеген елдерде өткен халықаралық фестивальдерде алтын медаль иеленді. Биіктерді бағындырып жүрген осындай шәкірттеріммен мен мақтанамын.

**– Әңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Гүлмира САДЫҚ**
*qazaquni.kz*


**Меншік иесі:**
**«Қазақ үні» ЖШС**
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
**Президент –**
**Редакторлар кеңесінің төрағасы –**
**Қазыбек ИСА**

**Бас редактор – Күлтөлеу МҰҚАШ**

**Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН**
**Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**

**Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ**

**Бөлім редакторлары:**
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**
**Астана тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
**Алматы облысы:**
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
**Батыс Қазақстан облысы:**
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
**Сәтбаев қаласы:**
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
**Маңғыстау облысы:**
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
**Түркістан қаласы:**
Әтірғүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Атқарушы директор – Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Тарату бөлімі:**

**Астанада:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Шымкентте:**
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),
**Астанада «Алты Алаш»** (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19.12.2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01.08.2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 000**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С.Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail.com**
**www.qazaquni.kz**

**Кезекші редактор –**
**Гүлмира САДЫҚ**

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784
ИИК KZ5085600000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ., С.Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген



**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 379,24 | 3 ай | қала | 1137,72 | 6 ай | қала | 2275,44 | 12 ай | қала | 4550,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 397,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1193,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2387,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 4774,32 |